

## ДӘРІЛІК ПРЕПАРАТТЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

### 1. ДӘРІЛІК ПРЕПАРАТ АТАУЫ

Липертанс, 5 мг+10 мг+5 мг, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар

Липертанс, 5 мг+20 мг+5 мг, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар

Липертанс, 5 мг+20 мг+10 мг, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар

Липертанс, 10 мг+20 мг+10 мг, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар

Липертанс, 10 мг+40 мг+10 мг, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар

### 2. САПАЛЫҚ ЖӘНЕ САНДЫҚ ҚҰРАМЫ

Әсер етуші заттар: амлодипин+аторвастатин+периндоприл

Липертанс, 5 мг+10 мг+5 мг, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар

Әр таблетканың құрамында 5 мг амлодипин (6,935 мг амлодипин безилаты түрінде), 10 мг аторвастатин (10,82 мг кальций тригидраты аторвастатині түрінде) және 5 мг периндоприл аргинині бар.

Дәрілік препарат құрамында бар екені ескерілу керек қосымша заттар: 27,46 мг лактоза моногидраты (4.4. бөлімін қараңыз).

Липертанс, 5 мг+20 мг+5 мг, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар

Әр таблетканың құрамында 5 мг амлодипин (6,935 мг амлодипин безилаты түрінде), 20 мг аторвастатин (21,64 мг кальций тригидраты аторвастатині түрінде) және 5 мг периндоприл аргинині бар.

Дәрілік препарат құрамында бар екені ескерілу керек қосымша заттар: 54,92 мг лактоза моногидраты (4.4. бөлімін қараңыз).

Липертанс, 5 мг+20 мг+10 мг, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар

Әр таблетканың құрамында 5 мг амлодипин (6,935 мг амлодипин безилаты түрінде), 20 мг аторвастатин (21,64 мг кальций тригидраты аторвастатині түрінде) және 10 мг периндоприл аргинині бар.

Дәрілік препарат құрамында бар екені ескерілу керек қосымша заттар: 54,92 мг лактоза моногидраты (4.4. бөлімін қараңыз).

Липертанс, 10 мг+20 мг+10 мг, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар

Әр таблетканың құрамында 10 мг амлодипин (13,87 мг амлодипин безилаты түрінде), 20 мг аторвастатин (21,64 мг кальций тригидраты аторвастатині түрінде) және 10 мг периндоприл аргинині бар.

Дәрілік препарат құрамында бар екені ескерілу керек қосымша заттар: 54,92 мг лактоза моногидраты (4.4. бөлімін қараңыз).

Липертанс, 10 мг+40 мг+10 мг, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар

Әр таблетканың құрамында 10 мг амлодипин (13,87 мг амлодипин безилаты түрінде), 40 мг аторвастатин (43,28 мг кальций тригидраты аторвастатині түрінде) және 10 мг периндоприл аргинині бар.

Дәрілік препарат құрамында бар екені ескерілу керек қосымша заттар: 109,84 мг лактоза моногидраты (4.4. бөлімін қараңыз).

Қосымша заттардың толық тізбесін 6.1. бөлімінен қараңыз.

### **3. ДӘРІЛІК ТҮРІ**

Үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар.

Липертанс, 5 мг+10 мг+5 мг, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар

Сары дөңгелек, бір жағында «1» және екінші жағында «☞» өрнектері бар үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар.

Липертанс, 5 мг+20 мг+5 мг, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар

Сары дөңгелек, бір жағында «2» және екінші жағында «☞» өрнектері бар үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар.

Липертанс, 5 мг+20 мг+10 мг, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар

Сары төртбұрышты, бұрыштары дөңгелектелген, бір жағында «3» және екінші жағында «☞» өрнектері бар үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар.

Липертанс, 10 мг+20 мг+10 мг, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар

Сары ұзынша пішінді, бір жағында «4» және екінші жағында «☞» өрнектері бар үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар.

Липертанс, 10 мг+40 мг+10 мг, таблетки, покрытые пленочной оболочкой

Сары ұзынша пішінді, бір жағында «5» және екінші жағында «☞» өрнектері бар үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар.

### **4. КЛИНИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР**

#### **4.1 Қолданылуы**

Липертанс препараты ересектерде қолдануға көрсетілген.

Артериялық гипертензия төмендегілер сияқты липидтік алмасу бұзылуларынан зардап шегіп жүрген ересек пациенттерде:

- бастапқы гиперхолестеринемия, отбасылық гиперхолестеринемияны (гетерозиготалық нұсқа) қоса немесе біріктірілген (аралас) гиперхолестеринемия (Фредриксон жіктеуі бойынша, тиісінше, IIa типі және IIb типі), диетаға және дәрі-дәрмектік емес емдеудің басқа әдістеріне жеткіліксіз жауап болғанда, немесе
- гомозиготалық отбасылық гиперхолестеринемия – басқа гиполипидемиялық емдеу әдістерін толықтыру ретінде (мысалы, ТТЛП-аферез) немесе егер осындай емдеу әдістері қолжетімсіз болса.

Жүректің тұрақты ишемиялық ауруы төмендегілер сияқты липидтік алмасу бұзылуларынан зардап шегіп жүрген ересек пациенттерде:

- бастапқы гиперхолестеринемия, отбасылық гиперхолестеринемияны (гетерозиготалық нұсқа) қоса немесе біріктірілген (аралас) гиперхолестеринемия (Фредриксон жіктеуі бойынша, тиісінше, IIa типі және IIb типі), диетаға және дәрі-дәрмектік емес емдеудің басқа әдістеріне жауап жеткіліксіз болғанда, немесе
- гомозиготалық отбасылық гиперхолестеринемия – басқа гиполипидемиялық емдеу әдістерін толықтыру ретінде (мысалы, ТТЛП-аферез) немесе егер осындай емдеу әдістері қолжетімсіз болса.

Липертанс препараты тиісті дозаларда амлодипин, аторвастатин және периндоприлмен біріктірілген ем қажет болатын пациенттерде қолдануға арналған.

## **4.2. Дозалау режимі және қолдану тәсілі**

### Дозалау режимі

Тәулігіне 1 рет 1 таблеткадан.

Липертанс препаратының құрамына кіретін әсер етуші заттары бар монокомпонентті дәрілік препараттардың дозаларына бұрын жүргізілген титрлеуден кейін Липертанс препаратының дозасы таңдалады. Егер препарат құрамына кіретін әсер етуші заттардың бірінің дозасын өзгерту қажет болса (мысалы, қайта диагностикаланған аурумен, пациент жай-күйінің өзгерісімен, артериялық гипотензия дамуымен немесе дәрілік өзара әрекеттесумен байланысты), бөлек компоненттер дозаларын әркімге жеке таңдау қажет.

*Басқа дәрілік заттармен бірге қолдану (4.4. және 4.5. бөлімдерін қараңыз)*

Липертанс дәрілік препаратымен бірге С гепатитін емдеуге арналған гразопревир + элбасвир вирусқа қарсы препараттарын немесе цитомегаловирустық инфекция профилактикасына арналған летермовирді қабылдап жүрген пациенттерде Липертанс препаратындағы аторвастатин дозасы 20 мг/тәуліктен аспауы тиіс.

Липертанс дәрілік препаратын циклоспоринмен бірге қолдану ұсынылмайды.

Циклоспорин, теллапревир немесе типранавир/ритонавир біріктірілімі сияқты басқа дәрілік заттармен бірге қолдану қажет болса, аторвастатин дозасы 10 мг/тәуліктен аспауы тиіс.

Адамның иммунитет тапшылығы вирусының (АИТВ) протеаза тежегіштерімен, С гепатиті вирусының протеаза тежегіштерімен (боцепревир), кларитромицин және итраконазолмен бір мезгілде қолданғанда аторвастатиннің ең төмен тиімді дозасын қолдану және сақ болу керек. Боцепревирмен бірге қолдану қажет болса, аторвастатин дозасы 40 мг/тәуліктен аспауы тиіс.

#### *Симптоматикалық артериялық гипотензия*

Артериялық гипотензия симптомдарының дамуында Липертанс препаратының дозасын азайту немесе тоқтату қажет болуы мүмкін.

#### Пациенттердің ерекше топтары

##### *Бүйрек функциясының бұзылуы бар пациенттер (4.4. бөлімін қараңыз)*

Препаратты креатинин клиренсі (КК)  $\geq 60$  мл/мин пациенттерге тағайындауға болады, ал бүйрек функциясының орташа және ауыр бұзылуы бар (КК  $< 60$  мл/мин) пациенттерде қолдануға сай келмейді. Осындай пациенттерге әрқайсысы бөлек компоненттердің дозаларын әркімге жеке таңдауға кеңес беріледі.

##### *Егде жастағы пациенттер (4.4. және 5.2. бөлімдерін қараңыз)*

Егде жастағы пациенттерді препаратпен емдеу бүйрек функциясына сәйкес жүргізіледі.

##### *Бауыр жеткіліксіздігі бар пациенттер (4.3., 4.4. және 5.2. бөлімдерін қараңыз)*

Бауыр жеткіліксіздігі бар пациенттерге препарат сақтықпен тағайындалу керек. Препарат белсенді фазадағы бауыр ауруы бар пациенттерге қарсы көрсетілімді.

#### Балалар

Осы жас тобындағы пациенттерде препаратты қолдану тиімділігі мен қауіпсіздігі туралы деректердің болмауына орай, препаратты балалар мен 18 жасқа дейінгі жасөспірімдерге тағайындауға болмайды.

#### Қолдану тәсілі

Тәулігіне 1 рет таңертең ас ішу алдында ішке 1 таблеткадан.

#### **4.3. Қолдануға болмайтын жағдайлар**

- Эсер етуші заттарға, ангиотензин өзгертуші ферменттің (АӨФ) басқа тежегіштеріне немесе дигидропиридиннің басқа туындыларына немесе басқа статиндерге немесе 6.1. бөлімінде тізбеленген қосымша заттардың кез келгеніне аса жоғары сезімталдық.

- Белсенді фазадағы бауыр ауруы немесе қалыптың жоғарғы шегімен салыстырғанда, қан плазмасындағы «бауыр» трансаминазалар деңгейінің 3 еседен артық тұрақты түрде түсініксіз жоғарылауы.
- Жүктілік және бала емізу кезеңі, талапқа сай контрацепция әдістерін пайдаланбайтын бала тууға қабілетті әйелдерде қолдану (4.6. бөлімін қараңыз).
- С гепатитін емдеуге арналған вирусқа қарсы глекапревир+пибрентасвир препараттарымен бірге қолдану.
- Ауыр артериялық гипотензия.
- Шок (кардиогенді түрін қоса).
- Сол жақ қарыншадан шығару жолының обструкциясы (мысалы, гипертрофиялық обструкциялық кардиомиопатия және ауыр қолқа стенозы).
- Жедел миокард инфарктісінен кейінгі гемодинамикалық тұрақсыз жүрек жеткіліксіздігі.
- Анамнездегі осының алдында АӨФ тежегіштерімен емдеуге байланысты ангионевроздық ісіну (Квинке ісінуі).
- Тұқым қуалайтын немесе идиопатиялық ангионевроздық ісіну.
- Қант диабеті немесе бүйрек функциясының бұзылуы (шумақтық сүзілу жылдамдығы (ШСЖ) < 60 мл/мин/1,73 м<sup>2</sup> дене беткейі ауданына) бар пациенттерде құрамында алискирен бар препараттармен бірге қолдану (4.5. және 5.1. бөлімдерін қараңыз).
- Диабеттік нефропатия бар пациенттерде ангиотензин II рецепторларының антагонистерімен (АРА II) бірге қолдану (4.4. бөлімін қараңыз).
- Фузид қышқылымен бірге қолдану (4.5. бөлімін қараңыз).
- Валсартан + сакубитрил біріктірілімімен бірге қолдану. Валсартан + сакубитрил біріктірілімінің соңғы дозасын қабылдаудан кейін 36 сағат өткен соң барып Липертанс препаратын қолдануға болады (4.4. және 4.5. бөлімдерін қараңыз).
- Теріс зарядталған беткеймен жанасқан кейбір жарғақшаларды пайдаланумен экстракорпоральді емдеу әдістері (4.5. бөлімін қараңыз).
- Бүйрек артериясының елеулі екі жақты стенозы немесе жалғыз бүйрек артериясының стенозы (4.4. бөлімін қараңыз).

#### **4.4. Айрықша нұсқаулар және қолдану кезіндегі сақтандыру шаралары**

##### Сақтықпен

Өкпенің интерстициальді ауруы, қант диабеті, жүректің созылмалы жеткіліксіздігі (ЖСЖ), артериялық гипотензия, қолқа стенозы/митральді стеноз/гипертрофиялық обструкциялық кардиомиопатия, бүйрек жеткіліксіздігі, дәнекер тіннің жүйелі аурулары

(оның ішінде, жүйелі қызыл жегі, склеродермия), иммунодепрессанттармен, аллопуринолмен, прокаинамидпен ем (нейтропения, агранулоцитоз даму қаупі), жоғары ағынды жарғақшалар пайдаланумен гемодиализ жүргізу, жоғары сезімталдық/ангионевроздық ісіну, ТТЛП аферезі мен десенсибилизация кезіндегі анафилаксиялық реакция, нейтропения, қара нәсілді пациенттерде қолдану, хирургиялық араласу/жалпы анестезия, гиперкалиемиа, литий, калий препараттарын, калий жинақтаушы диуретиктерді, құрамында калий бар ас тұзын алмастырғыштарды бір мезгілде қолдану, ренин-ангиотензин-альдостерон жүйесін (РААЖ) қосарлы бөгеу, бауыр жеткіліксіздігі, шамадан тыс алкоголь тұтынатын және/немесе бауыр ауруынан (анамнездегі) зардап шегіп жүрген пациенттерде қолдану, рабдомиолизді дамытатын қауіп факторлары бар пациенттерде қолдану, СҮРЗА4 изоферментінің тежегіштерімен немесе индукторларымен бір мезгілде қолдану, егде жас, жедел миокард инфарктісі (және одан кейінгі 1 ай ішіндегі кезең), тұрақсыз стенокардия, синустық түйін әлсіздігінің синдромы.

**Амлодипин, аторвастатин және периндоприлге қатысты айрықша нұсқаулар Липертанс препаратына да қатысты болады.**

#### Бауыр функциясының бұзылуы

Липертанс препаратының құрамында аторвастатин болуына байланысты, бауыр функциясының көрсеткіштерін мезгіл-мезгіл бақылап отыру қажет. Бауыр функциясының бұзылуын көрсететін симптомдар немесе белгілер пайда болғанда пациенттерге функционалдық бауыр сынамаларын өткізу керек. Трансаминазалар белсенділігінің жоғарылауында оларды белсенділігінің қалыпқа түсуіне дейін бақылап отыру қажет. Трансаминазалар белсенділігі қалыптың жоғарғы шегінен (ҚЖШ) 3 есе артық жоғарылаған жағдайда препараттың жекелеген компоненттерін пайдаланумен аторвастатин дозасын төмендету немесе препаратты тоқтату ұсынылады (4.8. бөлімін қараңыз). Липертанс елеулі мөлшерде алкоголь тұтынатын және/немесе анамнезінде бауыр ауруы бар пациенттерде сақтықпен қолданылу керек.

Сирек жағдайларда АӨФ тежегіштерін қабылдау аясында кейде өліммен аяқталатын фульминантты бауыр некрозына ұласатын холестаздық сарғаюдың даму синдромы байқалды. Осы синдромның даму механизмі түсініксіз. Препаратты қабылдау аясында сарғаю пайда болғанда немесе «бауыр» ферменттері белсенділігінің елеулі жоғарылауында Липертанс препаратын қабылдауды тоқтату керек, пациент тиісті медициналық қадағалауда болуы тиіс (4.8. бөлімін қараңыз).

Бауыр функциясының бұзылуы бар пациенттерде амлодипиннің жартылай шығарылу кезеңі ( $T_{1/2}$ ) және «концентрация-уақыт» қисығы астындағы ауданы (AUC) ұлғаяды.

Препаратты дозалау жөніндегі нұсқаулар белгіленбеген. Бауыр жеткіліксіздігі ауыр пациенттерге клиникалық жай-күйін мұқият мониторингтеуді қамтамасыз ету қажет.

Аторвастатин, амлодипин және периндоприл әсерін ескере отырып, Липертанс белсенді фазадағы бауыр аурулары немесе трансаминазалар белсенділігінің қалыптың жоғарғы шегімен (ҚЖШ) салыстырмалы 3 есе артық тұрақты күйде түсініксіз жоғарылауы бар пациенттерге қарсы көрсетілімді. Анамнезінде бауыр ауруы бар пациенттерге және шамадан тыс мөлшерде алкоголь тұтынатын пациенттерге препарат сақтықпен тағайындалу керек. Дозаны өзгерту қажет болса, әр компонент дозасын бөлек-бөлек титрлеу керек.

#### Гипертониялық криз

Липертанс препаратын гипертониялық кризді басу үшін қолдануға болмайды. Гипертониялық криз кезіндегі амлодипин тиімділігі мен қауіпсіздігі анықталмаған.

#### Қаңқа бұлшықеттеріне әсері

Аторвастатин қолдану, ГМГ-КоА-редуктазаның басқа да тежегіштері сияқты, сирек жағдайларда миалгия, миозит және рабдомиолиз (креатинфосфокиназа (КФК) белсенділігінің едәуір (қалыптың жоғарғы шегімен салыстырмалы 10 еседен артық) жоғарылауымен, бүйрек жеткіліксіздігіне әкелуі мүмкін миоглобинемия және миоглобинуриямен сипатталатын өмірге қатері зор жай-күй) пішінінде болуы мүмкін миопатияны туындатады.

Кейбір статиндермен емдеу кезінде немесе одан кейін иммунитет арқылы некроздайтын миопатияның (ИАНМ) өте сирек жағдайлары хабарланды. ИАНМ статиндермен ем тоқтатылуына қарамастан сақталатын проксимальді бұлшықеттердің тұрақты әлсіздігі және қан сарысуындағы КФК белсенділігінің жоғарылауы түріндегі клиникалық көріністермен, ГМГ-КоА-редуктазаға антиденелер болуымен және иммунодепрессанттарды қолдану кезінде жай-күйдің жақсаруымен сипатталады.

*КФК белсенділігін өлшеу:*

КФК белсенділігін қарқынды дене жүктемелерінен кейін немесе КФК жоғарылауының басқа ықтималды себебі болса, өлшеуге болмайды, өйткені бұл нәтижелердің түсіндірілуін қиындатады. Егер бастапқы КФК белсенділігі қалып шегінен едәуір артық (қалыптың жоғарғы шегінен 5 еседен көп) болса, нәтижелерді растау үшін талдауды 5-7 күн өткен соң қайталау керек.

*Емдеу басталуына дейін:*

Аторвастатин рабдомиолиз дамуына бейімдейтін факторлар бар пациенттерге сақтықпен тағайындалуы тиіс.

Келесі жағдайларда статиндермен ем басталғанша КФК белсенділігін анықтау керек:

- бүйрек функциясының бұзылуы,
- гипотиреоз,
- пациент анамнезіндегі немесе отбасылық анамнезіндегі тұқым қуалайтын бұлшықет бұзылулары,
- пациент анамнезіндегі немесе отбасылық анамнезіндегі тұқым қуалайтын бұлшықет бұзылулары;
- анамнездегі статиндер немесе фибраттар қолдану аясындағы бұлшықеттік уыттану көрінісі,
- анамнездегі бауыр ауруы және/немесе шамадан тыс мөлшерде алкоголь тұтыну,
- 70 жастан асқан пациенттерде оларда рабдомиолиз дамуына бейімдейтін басқа факторлардың болуын есепке алып, КФК анықтау қажеттілігін қарастыру керек,
- басқа дәрілік заттармен өзара әрекеттесу (4.5. бөлімін қараңыз) және пациенттердің ерекше топтарында қолдану (5.2. бөлімін қараңыз) сияқты, қан плазмасында аторвастатин концентрациясы жоғарылауы мүмкін оқиғалар.

Осындай жағдайларда қауіп/пайда арақатынасын бағалау және пациенттің жай-күйіне медициналық қадағалау жүргізген жөн.

Егер КФК бастапқы белсенділігі қалыптың жоғарғы шегінен 5 еседен көп асып кетсе, емді бастауға болмайды.

*Емдеу кезінде:*

- Пациенттерді, әсіресе, дімкәстанумен немесе қызбамен қосылған бұлшықет ауыруларының, бұлшықет әлсіздігі немесе түйілуінің пайда болуы туралы кідіріссіз дәрігерге мәлімдеу қажеттілігінен хабардар етуге кеңес беріледі.
- Егер осындай симптомдар Липертанс препаратымен емдеу үдерісінде туындаса, КФК белсенділігін анықтау керек. Егер КФК белсенділігі ҚЖШ-нен 5 еседен көп асып кетсе, емдеуді тоқтату керек.
- Егер бұлшықет симптомдары күрт білінсе және күнделікті жайсыздық тудырса, тіпті егер КФК белсенділігі ҚЖШ қатысты, көп дегенде, 5 есе жоғарылаған жағдайда да, емдеуді тоқтату керек.
- Симптомдар басылған және КФК белсенділігі қалыпқа түскен жағдайда, аторвастатин немесе басқа статинді ең аз дозада қайталап және мұқият қадағалаумен тағайындау мәселесін қарастыруға болады.
- Липертанс препаратын қабылдау, егер КФК белсенділігі ҚЖШ-дан 10 еседен көп асып кеткен немесе рабдомиолиз диагностикаланған немесе күмән тудырған жағдайда дереу тоқтатылуы тиіс.

*Басқа дәрілік заттармен бірге қолдану:*

Липертанс препаратын СҮРЗА4 қуатты тежегіштері немесе тасымалдаушы ақуыздар (циклоспорин, телитромицин, кларитромицин, делавирдин, стирипентол, кетоконазол, вориконазол, итраконазол, позаконазол, летермовир және АИТВ-протеаза тежегіштері, ритонавир, лопинавир, атазанавир, индинавир, дарунавир, типранавир/ритонавир және т.б. қоса) сияқты аторвастатиннің плазмалық концентрацияларын арттыратын дәрілік препараттармен бірге қолдану кезінде рабдомиолиздің даму қаупі артады. Гемфиброзилмен және фиброй қышқылының басқа туындыларымен, С вирустық гепатитін (СВГ) емдеуге арналған вирусқа қарсы препараттармен (боцепревир, телапревир, гразопревир+элбасвир, ледипасвир+софосбувир), эритромицин, ниацин немесе эзетимибпен бірге қолдану кезінде де миопатияның даму қаупі де артады. Мүмкіндігінше, осы препараттар қосылмайтын баламалы ем тағайындау керек.

Аталған препараттар мен Липертанс препаратын бірге қолдану қажет болған жағдайда күтілетін пайдасының болжамды қауіпке қатынасын ескеру қажет. Аторвастатиннің плазмалық концентрацияларын арттыратын препараттарды қабылдап жүрген пациенттерге аторвастатиннің төменірек ең жоғары дозасын тағайындау қажет, сондықтан жекелеген компоненттерін қолданумен дозаны төмендету мәселесін қарастыру керек. СҮРЗА4 қуатты тежегіштерін қолданған жағдайда аторвастатиннің төменірек бастапқы дозасын тағайындау және пациенттің клиникалық жай-күйін мониторингтеуді қамтамасыз ету қажет (4.5. бөлімін қараңыз).

Липертанс дәрілік препаратының құрамында аторвастатин болуына орай, оны фузид қышқылының жүйелі препараттарымен бірге және фузид қышқылымен емдеуді тоқтатудан кейін 7 күн бойы тағайындауға болмайды. Фузид қышқылын бірге қолдану қажет болатын пациенттерде фузид қышқылымен бүкіл емдеу кезеңі бойына статиндермен емдеуді тоқтату керек. Фузидий қышқылын статиндермен біріктіріп қабылдаған пациенттерде рабдомиолиз туралы (өліммен аяқталған жекелеген жағдайларды қоса) хабарланды (4.5. бөлімін қараңыз).

Пациентке бұлшықеттің әлсіреу, ауыру немесе ауырсыну симптомдары пайда болғанда дереу дәрігерге қаралуға кеңес беру керек. Статиндермен емді фузид қышқылының соңғы дозасын қабылдаудан кейін жеті күннен соң жаңғыртуға болады.

Фузид қышқылын, мысалы, ауыр инфекцияларды емдеу үшін ұзақ уақыт жүйелі қолдану қажет болатын айрықша жағдайларда тек әркімге жеке және мұқият медициналық қадағалаумен Липертанс дәрілік препараты мен фузид қышқылын бірге қолдану қажеттілігін қарастыру керек.

Миастения гравис, көз миастениясы

ГМГ-КоА-редуктаза тежегіштерінің (статиндер) бірнеше жағдайларда бұрын болған жайылған гравис миастениясын немесе көз миастениясын өршітетіні немесе *de novo* дамуын тудыратыны хабарланды (4.8. бөлімін қараңыз). Миастения симптомдары туындаған немесе айқындылығы күшейген жағдайда Липертанс препаратын қабылдауды тоқтату керек. Дәл сол статинді қайталап қабылдағанда және ГМГ-КоА-редуктазаның басқа тежегішін қолдану кезінде миастения қайталанулары да мәлімделді.

#### Өкпенің интерстициальді ауруы

Бірлі-жарым жағдайларда кейбір статиндерді ұзақ уақыт қабылдау кезінде пациенттерде өкпенің интерстициальді ауруының дамуы хабарланды (4.8. бөлімін қараңыз). Сипаттас симптомдары енгігу, құрғақ жөтел және пациенттің жалпы жай-күйінің нашарлауы (қажу, дене салмағының төмендеуі және қызба) болып табылады. Өкпенің интерстициальді ауруына күмән тудыратын пациентте Липертанс препаратымен ем тоқтатылуы тиіс.

#### Қант диабеті

Статиндердің қандағы глюкоза концентрациясын арттыратыны және қант диабетінің даму қаупі жоғары кейбір пациенттерде қант диабетіне ем жүргізу бейресми талап етілетін гипергликемияны тудыруы мүмкін екені туралы деректер бар. Алайда, статиндермен ем аясында жүрек-қантaмырлық қауіптің төмендеуі аталған қауіптен артық болады, сондықтан ол Липертанс препаратымен емді тоқтатуға себеп болмауы тиіс. Қауіп тобында болатын пациенттерге (аш қарындағы глюкоза концентрациясы 5,6-дан 6,9 ммоль/л дейін, дене салмағы индексі  $> 30$  кг/м<sup>2</sup>, триглицеридтердің жоғары концентрациясы, гипертензия) Липертанс препаратымен ем кезеңінде клиникалық және биохимиялық бақылау жүргізілуі тиіс.

Препарат ішуге арналған гипогликемиялық дәрілер немесе инсулин қабылдап жүрген қант диабеті бар пациенттерге тағайындалғанда құрамында АӨФ тежегіштері бар препараттармен, оның ішінде Липертанс препаратымен емдеудің алғашқы айы ішінде қандағы глюкоза концентрациясын мұқият бақылап отыру қажет (4.5 бөлімін қараңыз).

#### Жүрек жеткіліксіздігі

Жүрек жеткіліксіздігі бар пациенттерді емдеуді сақтықпен жүргізу керек. Зерттеуде NYHA жіктеуі бойынша III және IV функционалдық класына жататын ЖСЖ бар пациенттерде амлодипинді қолдану кезінде өкпе ісінуінің даму жиілігі, плацебо тобына карағанда, амлодипин тобында жоғары болды (5.1. бөлімін қараңыз). ЖСЖ бар пациенттерде, амлодипинді қоса, «баяу» кальций өзекшелерінің блокаторларын жүрек-қантaмыр жүйесі тарапынан жағымсыз реакциялардың дамуы және өлімге ұшырау қаупінің болжамды артуымен байланысты сақтықпен қолдану қажет.

#### Артериялық гипотензия

Периндоприл сияқты, АӨФ тежегіштері артериялық қысымның (АҚ) күрт төмендеуін туғызуы мүмкін. Артериялық гипертензия ағымы асқынбаған пациенттерде симптоматикалық артериялық гипотензия сирек дамиды. АҚ шектен тыс төмендеу қаупі айналымдағы қан көлемі (АҚК) төмендеген пациенттерде жоғары, бұл диуретиктермен ем аясында, қатаң тұзсыз диетаны ұстану, гемодиализ, диарея және құсу кезінде, сондай-ақ жоғары ренин белсенділігімен артериялық гипертензияның ауыр дәрежесіндегі пациенттерде білінуі мүмкін (4.5. және 4.8. бөлімдерін қараңыз). Бүйрек жеткіліксіздігінің болуымен де, болмауымен де симптоматикалық жүрек жеткіліксіздігі бар пациенттерде симптоматикалық артериялық гипотензияны байқауға болады. Бұл қауіп жүрек жеткіліксіздігінің ауыр дәрежесіндегі пациенттерде ілмекті диуретиктер қабылдауға, гипонатриемияға немесе функционалдық бүйрек жеткіліксіздігіне реакция ретінде жоғары. Симптоматикалық артериялық гипотензияның даму қаупі жоғары пациенттер емдеудің басында және дозасын титрлеу кезінде мұқият медициналық қадағалауда болуы тиіс (4.8. бөлімін қараңыз). Осыған ұқсас тәсіл АҚ шектен тыс түсіп кетуі миокард инфарктісіне немесе ми қан айналымының бұзылуына әкелуі мүмкін жүректің ишемиялық ауруы (ЖИА) немесе цереброваскулярлық аурулары бар пациенттерде де қолданылады.

Артериялық гипотензия дамыған жағдайда пациент аяғын сәл көтеріп, шалқасынан «жатқан» қалыпқа көшірілуі тиіс. Қажет болса, натрий хлоридінің 0,9% ерітіндісін вена ішіне енгізу керек. Өтпелі артериялық гипотензия препаратты одан әрі қабылдауға кедергі болмайды. АҚК және АҚ қалпына келтірілгеннен кейін емдеуді жалғастыруға болады.

ЖСЖ және қалыпты немесе төмендеген АҚ бар кейбір пациенттерде периндоприл АҚ қосымша төмендеуін тудыруы мүмкін. Осы әсері болжамды және әдетте емді тоқтатуды талап етпейді. Егер артериялық гипотензия симптоматикалық сипат алса, Липертанс препаратының дозасын азайту немесе препаратты тоқтату қажет болуы мүмкін.

#### Митральді стеноз/қолқа стенозы/гипертрофиялық обструкциялық кардиомиопатия

Липертанс препараты, периндоприлді қоса, құрамында АӨФ тежегіштері бар басқа да препараттар сияқты, митральді стенозы немесе жоғары дәрежеге жетпеген айқын қолқа стенозы бар пациенттерге абайлап тағайындалуы тиіс. Сол жақ қарыншадан шығу жолының ауыр дәрежедегі обструкциясы бар пациенттерге Липертанс қарсы көрсетілімді (4.3. бөлімін қараңыз).

#### Бүйрек трансплантациясы

Таяуда жасалған бүйрек трансплантациясынан кейінгі пациенттерде периндоприл аргининін қолдану тәжірибесі жоқ.

#### Реноваскулярлы гипертензия

Бүйрек артерияларының екі жақты стенозы немесе жұмыс істейтін жалғыз бүйрек артериясының стенозы бар пациенттерде АӨФ тежегіштерімен ем аясында артериялық гипотензия мен бүйрек жеткіліксіздігінің даму қаупі артады (4.3. бөлімін қараңыз). Диуретиктер қабылдау қосымша қауіп факторы болуы мүмкін. Бүйрек функциясының нашарлауын тіпті бүйрек артериясының бір жақты стенозы бар пациенттерде де қан сарысуындағы креатинин концентрациясының мардымсыз өзгеруі кезінде-ақ байқауға болады.

#### Бүйрек функциясының бұзылуы

Липертанс креатинин клиренсі  $\geq 60$  мл/мин пациенттерде қолдануға рұқсат етілген және креатинин клиренсі  $< 60$  мл/мин (бүйрек функциясының орташадан ауыр бұзылуына дейінгі) пациенттерге сай келмейді. Осындай пациенттерге әрқайсысы бөлек компоненттер дозаларын әркімде жеке таңдауға кеңес беріледі.

Бүйрек функциясының бұзылуы бар пациенттерде қан сарысуындағы калий және креатинин концентрацияларын жүйелі бақылау дағдылы медициналық практиканың бір бөлігі болып табылады (4.8. бөлімін қараңыз).

Симптоматикалық ЖСЖ бар пациенттерде кейде АӨФ тежегіштерін (периндоприл де осы қатарға жатады) қабылдаудың басында дамиды артериялық гипотензия бүйрек функциясының одан әрі нашарлауына әкелуі мүмкін. Әдетте, қайтымды бүйректің жедел жеткіліксіздігі дамуы мүмкін.

Бүйрек артериясының екі жақты стенозы немесе жалғыз бүйрек артериясының стенозы бар пациенттерде (әсіресе, бүйрек жеткіліксіздігі болса) АӨФ тежегіштерімен ем аясында, әдетте, емді тоқтатқанда басылатын қан сарысуындағы мочевино мен креатинин концентрациясы жоғарылауы мүмкін. Реноваскулярлық гипертензияның қосымша болуы осындай пациенттерде ауыр артериялық гипотензия мен бүйрек жеткіліксіздігінің жоғары даму қаупіне себеп болады.

Осының алдында бүйрек тамырлары ауруының болуы көрсетілмеген артериялық гипертензия бар кейбір пациенттерде, әсіресе, периндоприл мен диуретикті бір мезгілде қолдану кезінде қан сарысуында мочевино және креатинин концентрациясы жоғарылауы мүмкін. Аталған өзгерістер, әдетте, мардымсыз білінеді және қайтымды сипатта болады. Осы бұзылулардың даму ықтималдығы бастапқы бүйрек жеткіліксіздігі бар пациенттерде жоғары. Осындай жағдайларда Липертанс препаратын және/немесе диуретикті тоқтату немесе дозасын азайту қажет болуы мүмкін.

Амлодипинді бүйрек жеткіліксіздігі бар пациенттерде әдеттегі дозаларда қолдануға болады. Қан плазмасында амлодипин концентрациясының өзгерістері бүйрек

жеткіліксіздігінің дәрежесіне байланысты емес. Амлодипин диализ кезінде шығарылмайды.

Бүйрек функциясының бұзылуы бар пациенттерде біріктірілген Липертанс препаратының әсері арнайы зерттелмеген. Липертанс препаратының дозасы жекелеген компоненттерінің ұсынылатын дозаларына сәйкес болуы тиіс.

#### Гемодиализ

Жоғары ағынды жарғақшалар пайдаланылатын гемодиализде жүрген пациенттерде АӨФ тежегіштерімен ем аясында анафилактоидты реакциялар дамыған жағдайлар болды. Осындай пациенттерге басқа кластың гипертензияға қарсы препаратын тағайындау немесе басқа типті диализдік жарғақшаны пайдалану керек.

#### Жоғары сезімталдық/ангионевроздық ісіну

АӨФ тежегіштерін, оның ішінде периндоприлді қабылдағанда сирек жағдайларда және емнің кез келген кезеңінде бет, аяқ және қол, ерін, шырышты қабықтар, тіл, дауыс саңылауының және/немесе көмейдің ангионевроздық ісінуінің дамуын байқауға болады (4.8. бөлімін қараңыз). Ондай жағдайларда Липертанс препаратын қабылдау дереу тоқтатылуы тиіс, ал пациент симптомдары толық басылғанша қадағалануы тиіс. Егер ісіну тек бет пен ерінді жайласа, оның көріністері симптоматикалық ем ретінде антигистаминдік дәрілерді қолдануға болса да, әдетте, өз бетінше басылады. Көмей ісінуімен қатар жүретін ангионевроздық ісіну өліммен аяқталуға алып келуі мүмкін. Тіл, дауыс саңылауы немесе көмей ісінуі тыныс жолдарының обструкциясына әкелуі мүмкін, бұл шұғыл емді, мысалы, адреналинді тері астына енгізуді және/немесе тыныс жолдарының өткізгіштігін қамтамасыз етуді талап етеді. Пациент симптомдар толық және түпкілікті басылғанша медициналық қадағалауда болуы тиіс.

АӨФ тежегіштерін қабылдаумен байланыссыз анамнезінде Квинке ісінуі бар пациенттерде Липертанс препаратын қабылдау кезінде оның даму қаупі жоғары болуы мүмкін (4.3. бөлімін қараңыз). Сирек жағдайларда АӨФ тежегіштерімен ем аясында ішектің ангионевроздық ісінуі дамыды. Осы орайда пациенттерде кейбір жағдайларда оның алдындағы беттің ангионевроздық ісінуінсіз және қалыпты С-1 эстераза концентрациясында оқшау симптом ретінде немесе жүрек айнумен және құсумен біріккен іштің ауыруы білінді. Диагноз құрсақ қуысының компьютерлік томографиясы, ультрадыбыстық зерттеу көмегімен немесе хирургиялық араласу кезінде қойылды. Симптомдар АӨФ тежегіштерін қабылдауды тоқтатудан кейін басылды. Сондықтан Липертанс қабылдап жүрген іш аумағындағы ауыруы бар пациенттерде дифференциациялық диагностика жасалғанда ішектің ангионевроздық ісінуінің даму мүмкіндігін ескеру қажет.

Периндоприлді сакубитрил + валсартанмен біріктірілімде бірге қолдану қарсы көрсетілімді, өйткені бұл ангионевроздық ісінудің даму қаупін арттырады (4.3. бөлімін қараңыз). Сакубитрил + валсартан біріктірілімін қолдану периндоприлді қабылдаудан кейін 36 сағат өткен соң барып мүмкін болады. Периндоприл қолдану валсартан + сакубитрил біріктірілімін қабылдаудан кейін 36 сағат өткен соң барып мүмкін болады (4.3. және 4.5. бөлімдерін қараңыз). АӨФ тежегіштерін неприлизиннің басқа тежегіштерімен (мысалы, рацекадотрил), mTOR тежегіштерімен (мысалы, сиролimus, эверолимус, темсиролimus) және глиптиндермен (мысалы, линаглиптин, саксаглиптин, ситаглиптин, вилдаглиптин) бірге қабылдағанда ангионевроздық ісінудің (тыныс алу функциясының бұзылуымен қатар жүретін немесе қатар жүрмейтін тыныс жолдарының немесе тілдің ісінуі) даму қаупі артады (4,5. бөлімін қараңыз). АӨФ тежегіштерін қабылдап жүрген пациенттерге рацекадотрил, mTOR тежегіштері және глиптиндер тағайындалғанда сақ болу керек.

#### Тығыздығы төмен липопротеиндер (ТТЛП) аферезін жасау кезіндегі анафилактоидты реакциялар

Сирек жағдайларда АӨФ тежегіштерін қабылдап жүрген пациенттерде декстран сульфаты пайдаланылатын ТТЛП аферезі емшарамсы жасалғанда өмірге қатерлі анафилактоидты реакциялар дамыды. Әр аферез сеансының алдында АӨФ тежегішін уақытша тоқтату арқылы осы реакциялардың алдын алу сәтті болды.

#### Десенсибилизация жүргізу кезіндегі анафилактоидты реакциялар

Липертанс сияқты құрамында АӨФ тежегіштері бар препараттарды қабылдап жүрген пациенттерде, мысалы, жарғақ қанатты жәндіктер уымен десенсибилизациялау емі кезінде анафилактоидты реакциялар дамуы туралы жекелеген хабарламалар бар. Десенсибилизация емшарасының басталуына дейін АӨФ тежегішін уақытша тоқтату арқылы аталған реакцияға жол бермеу сәтті жүзеге асты, бірақ емдеу кездейсоқ жаңғыртылғанда реакция қайта туындауы мүмкін.

#### Нейтропения/агранулоцитоз/тромбоцитопения/анемия

АӨФ тежегіштерін қабылдаған пациенттерде нейтропения/агранулоцитоз, тромбоцитопения және анемия жағдайлары мәлімделді. Бүйрек функциясы қалыпты пациенттерде және басқа асқындыратын факторлар болмаса, нейтропения сирек дамиды. Препаратты иммунодепрессанттар, аллопуринол немесе прокаинамид қабылдау аясындағы дәнекер тіннің жүйелі аурулары немесе осы қауіп факторларының біріктірілімі бар пациенттерге, әсіресе, бүйрек функциясының бұзылуы бар пациенттерде сақтықпен қолдану керек.

Осы пациенттердің кейбіреуінде ауыр, бірқатар жағдайларда антибиотиктермен қарқынды емге төзімді инфекциялар туындады. Осындай пациенттерге Липертанс препараты тағайындалғанда қандағы лейкоциттер мөлшерін мезгіл-мезгіл бақылап отыруға кеңес беріледі. Пациенттер инфекциялық аурулардың кез келген белгілері (мысалы, тамақтың ауыруы, қызба) туралы дәрігерге мәлімдеуі тиіс.

#### Этностық өзгешеліктер

Қара нәсілді пациенттерде, басқа нәсілдермен салыстырғанда, ангионевроздық ісінудің даму қаупі жоғарырақ. Құрамында АӨФ тежегіші – периндоприл бар Липертанс қара нәсілді пациенттерде АҚ төмендетуге қатысты тиімділігі аз болуы мүмкін, бұл артериялық гипертензиясы бар қара нәсілді пациенттердегі төмен ренин күйінің өте жоғары таралуынан болуы мүмкін.

#### Жөтел

АӨФ тежегішімен ем аясында тыйылмайтын құрғақ жөтел туындауы мүмкін, ол препаратты тоқтатудан кейін басылады. Бұл жөтел дифференциациялық диагностикалау кезінде ескерілу керек.

#### Хирургиялық араласу/жалпы анестезия

Жалпы анестезия қолданумен хирургиялық араласу жасалатын немесе артериялық гипотензия тудыруға қабілетті анестезияға арналған препараттар тағайындалатын пациенттерде периндоприл рениннің компенсаторлық босап шығуы аясында ангиотензин II түзілуін бөгеуі мүмкін. Липертанс препаратын қабылдауды хирургиялық араласуға дейін бір тәулік бұрын тоқтату қажет. Атап көрсетілген механизм бойынша артериялық гипотензия дамыса, АҚК толықтыру жолымен АҚ қалыпқа түсіру керек.

#### Гиперкалиемия

АӨФ тежегіштерімен, оның ішінде периндоприлмен емделу кезінде пациенттерде қан сарысуында калий концентрациясының жоғарылауы байқалды, АӨФ тежегіштері, олар альдостерон босап шығуын тежейтіндіктен, гиперкалиемияны тудыруы мүмкін. Осы әсері, әдетте, бүйрек функциясы қалыпты пациенттерде мардымсыз. Гиперкалиемияның қауіп факторлары бүйрек жеткіліксіздігі, бүйрек функциясының нашарлауы, 70 жастан асқан кезең, қант диабеті, кейбір қатарлас жай-күйлер (дегидратация, жүрек қызметінің жедел декомпенсациясы, метаболизмдік ацидоз), калий жинақтайтын диуретиктерді (спиронолактон, эплеренон, триамтерен, амилорид сияқты), калий қосылған тағам қоспаларын/калий препараттарын немесе құрамында калий бар ас тұзын алмастырғыштарды бір мезгілде қабылдау, сондай-ақ қандағы калий мөлшерінің жоғарылауына ықпал ететін басқа препараттарды (мысалы, гепарин, сульфаметоксазол + триметоприм біріктірілімі ретінде де белгілі ко-тримоксазол), әрі әсіресе альдостерон

антагонистерін немесе ангиотензин рецепторларының блокаторларын қолдану болып табылады. Калий қосылған тағам қоспаларын/ препараттарын, калий жинақтайтын диуретиктерді, құрамында калий бар ас тұзын алмастырғыштарды, әсіресе, бүйрек функциясы төмендеген пациенттерде қолдану қанда калий мөлшерінің едәуір жоғарылауына әкелуі мүмкін. Гиперкалиемия күрделі, кейде өлімге ұшырататын жүрек ырғағының бұзылуларына әкелуі мүмкін. АӨФ тежегіштерін қабылдап жүрген пациенттерде калий жинақтайтын диуретиктер мен ангиотензин рецепторларының блокаторларын, бүйрек функциясын және қан сарысуындағы калий концентрациясын бақылай отырып, сақтықпен қолдану керек. Егер Липертанс препараты мен жоғарыда аталған препараттарды біріктіріп қолдану қажет болса, емдеу қан сарысуында калий мөлшерін жүйелі бақылау аясында абайлап жүргізілуі тиіс (4,5. бөлімін қараңыз).

#### Литий препараттары

Липертанс сияқты құрамында периндоприл бар препараттар мен литий препараттарын бірге қолдану ұсынылмайды (4.5. бөлімін қараңыз).

#### РААЖ қосарлы бөгеу

Артериялық гипотензия, гиперкалиемия және бүйрек функциясының бұзылуларын (бүйректің жедел жеткіліксіздігін қоса) туындататын қауіптің артуы туралы деректер бар. АӨФ тежегіштерін құрамында алискирен бар препараттармен бірге қолдану қант диабеті және/немесе бүйректің орташа әлде ауыр жеткіліксіздігі (ШСЖ дене беткейі ауданына 60 мл/мин/1,73 м<sup>2</sup> аз) бар пациенттерде қарсы көрсетілімді және басқа пациенттерде ұсынылмайды. АӨФ тежегіштерін ангиотензин II рецепторларының антагонистерімен бір мезгілде қолдану диабеттік нефропатия бар пациенттерде қарсы көрсетілімді және басқа пациенттерде ұсынылмайды.

Егер қосарлы бөгеу абсолютті қажет болса, ол маманның қатаң бақылауымен бүйрек функциясын, қан плазмасындағы электролиттер мөлшерін және АҚ жүйелі бақылауымен орындалуы тиіс.

#### Алғашқы гиперальдостеронизм

Алғашқы гиперальдостеронизм бар пациенттер, әдетте, ренин-ангиотензин жүйесін тежеуге негізделген гипертензияға қарсы препараттарға сезімтал емес. Сондықтан, препаратты қабылдау ұсынылмайды.

#### Амлодипинге қатысты айрықша нұсқаулар

Тіс гигиенасын сақтау және стоматологта қадағалану қажет (қызылиектердің ауырсынуын, қанағыштығын және гиперплазиясын болдырмау үшін).

Егде жастағы пациенттерде  $T_{1/2}$  ұзаруы және амлодипин клиренсі төмендеуі мүмкін. Амлодипин дозаларын өзгерту қажет емес, бірақ осы санат пациенттерін өте мұқият қадағалау қажет.

«Баяу» кальций өзекшелерінің блокаторларында «тоқтату» синдромының болмауына қарамастан, амлодипинмен емдеуді тоқтатуды препарат дозасын біртіндеп азайта отырып, жүргізген дұрыс.

#### Қосымша заттар

Липертанс препаратының құрамында лактоза болуына орай, оны сирек тұқым қуалайтын лактоза жақпаушылығы, глюкоза-галактозалық мальабсорбциясы немесе толық лактазалық жеткіліксіздігі бар пациенттерге тағайындауға болмайды.

Аталған препарат құрамында бір таблеткасына 1 ммоль мөлшерінен аз (23 мг) натрий бар, яғни шын мәнінде құрамында натрий жоқ.

#### **4.5. Басқа дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі және өзара әрекеттесудің басқа түрлері**

Клиникалық зерттеулер деректері АӨФ тежегіштерін, АРА II немесе алискиренді бір мезгілде қабылдау нәтижесінде РААЖ қосарлы бөгелісінің, РААЖ әсер ететін тек бір препарат қолданылған оқиғалармен салыстырғанда, артериялық гипотензия, гиперкалиемия және бүйрек функциясының бұзылуы (бүйректің жедел жеткіліксіздігін қоса) сияқты жағымсыз реакциялардың туындау жиілігінің артуына алып келетінін көрсетеді (4.3., 4.4. және 5.1. бөлімдерін қараңыз).

Липертанс препаратының басқа дәрілік препараттармен өзара әрекеттесу зерттеулері жүргізілмеген. Амлодипин, аторвастатин және периндоприлге тән дәрілік өзара әрекеттесуге жүргізілген жекелеген зерттеулер деректері бар. Осы зерттеулердің нәтижелері төменде ұсынылған.

##### *Ангионевроздық ісінудің даму қаупін арттыратын дәрілік заттар*

АӨФ тежегіштерін валсартан + сакубитрил біріктірілімімен бірге қолдану қарсы көрсетілімді, өйткені бұл ангионевроздық ісінудің даму қаупін арттырады (4.3. және 4.4. бөлімдерін қараңыз). Валсартан + сакубитрил біріктірілімін қолдану периндоприлдің соңғы дозасын қабылдаудан кейін 36 сағат өткен соң барып мүмкін болады. Периндоприл қолдану валсартан + сакубитрил біріктірілімін қолданудан кейін 36 сағат өткен соң барып мүмкін болады (4.3. және 4.4. бөлімдерін қараңыз).

АӨФ тежегіштерін рацекадотрилмен, mTOR тежегіштерімен (мысалы, сиролимус, эверолимус, темсиролимуспен) және глиптиндермен (мысалы, линаглиптин,

саксаглиптин, ситаглиптин, вилдаглиптинмен) бірге қолдану ангионевроздық ісінудің даму қаупін арттырады (4.4. бөлімін қараңыз).

*Гиперкалиемияны тудыруы мүмкін дәрілік заттар*

Липертанс препаратын қабылдап жүрген кейбір пациенттерде, қан сарысуында калий концентрациясының, әдетте, қалып шегінде қалатынына қарамастан, гиперкалиемия туындауы мүмкін. Кейбір дәрілік заттар немесе дәрілік заттардың емдік кластары, ал атап айтқанда: алискирен, калий тұздары, калий жинақтайтын диуретиктер (мысалы, спиронолактон, триамтерен немесе амилорид), АӨФ тежегіштері, ангиотензин II рецепторларының антагонистері, қабынуға қарсы стероидты емес препараттар (ҚҚСП), гепариндер, циклоспорин немесе такролимус, триметоприм және ко-тримоксазол (триметоприм + сульфаметоксазол) сияқты иммунодепрессанттар гиперкалиемияны тудыруы мүмкін, себебі триметопримнің амилорид тәрізді калий жинақтаушы диуретик тәрізді әсер ететіні белгілі. Атап көрсетілген дәрілік заттарды бір мезгілде қолдану гиперкалиемияның туындау қаупін арттырады. Сондықтан Липертанс препаратын жоғарыда тізбеленген дәрілік заттармен қолдану ұсынылмайды. Бірге тағайындалғанда қан сарысуындағы калий концентрациясын бақылай отырып, сақтықпен қолдану керек.

*Бірге қолдану қарсы көрсетілімді(4.3. бөлімін қараңыз):*

<b>Компонент</b>	<b>Препаратпен белгілі өзара әрекеттесу</b>	<b>Басқа дәрілік затпен өзара әрекеттесуі</b>
Аторвастатин	Глекапревир + пибрентасвир	Липертанс дәрілік препаратымен қатар жүргізілетін ем миопатияның жоғары қаупіне орай қарсы көрсетілімді.
Периндоприл	Алискирен	Липертанс препараты мен алискиренді бірге қолдану қант диабеті немесе бүйрек функциясының бұзылуы бар (шумақтық сүзілу жылдамдығы дене беткейі ауданына < 60 мл/мин/1,73 м <sup>2</sup> ) пациенттерде қарсы көрсетілімді, себебі гиперкалиемия, бүйрек функциясының нашарлауы және жүрек-қантамыр ауруына шалдығу мен өлімге ұшырау жиілігінің жоғарылау қаупі артады.
	Экстракорпоральді емдеу әдістері	Гемодиализ немесе гемофилтрация (полиакрилнитрилден жасалған жоғары ағынды жарғақшалар), сондай-ақ декстран сульфаты пайдаланылатын ТТЛП аферезі сияқты теріс зарядталған беткейлі кейбір жоғары ағынды жарғақшалар қолданылатын экстракорпоральді емдеу әдістері қарсы көрсетілімді, себебі жоғары сезімталдық реакцияларының даму қаупі артады (4.3. бөлімін қараңыз). Егер

пациентке осындай емшаралар жасау қажет болса, жарғақшалардың басқа типтерін пайдалану немесе пациентті гипертензияға қарсы басқа препараттарды қабылдауға ауыстыру керек.

*Бірге қолдану ұсынылмайды (4.4. бөлімін қараңыз):*

<b>Компонент</b>	<b>Препаратпен белгілі өзара әрекеттесу</b>	<b>Басқа дәрілік затпен өзара әрекеттесуі</b>
Амлодипин	Дантролен (вена ішіне енгізу)	Зертханалық жануарларда верапамилді қолданудан және дантроленді вена ішіне енгізуден кейін гиперкалиемиямен байланысты өліммен аяқталатын қарыншалар фибрилляциясы және коллапс жағдайлары аталды. Гиперкалиемияның даму қаупі салдарынан қатерлі гипертермияға ұшыраған пациенттерде, сондай-ақ қатерлі гипертермияны емдегенде «баяу» кальций өзекшелерінің блокаторларын, оның ішінде Липертанс препаратын бір мезгілде қолдану жоққа шығарылу керек.
Аторвастатин/ амлодипин	Грейпфрут немесе грейпфрут шырыны	Аторвастатин мен грейпфрут шырынын көп мөлшерде бірге тұтыну ұсынылмайды (1 кестені қараңыз). Кейбір пациенттерде АҚ төмендету әсерлерінің күшеюіне әкелуі мүмкін амлодипин биожетімділігінің болжамды артуымен байланысты құрамында амлодипин бар Липертанс препаратын бірге қолдану және грейпфрут немесе грейпфрут шырынын тұтыну ұсынылмайды.
Аторвастатин	СҮР3А4 изоферментінің қуатты тежегіштері	Аторвастатин Р450 3А4 цитохромымен (СҮР3А4) арқылы метаболизденіп, 1В1 (ОАТР1В1) және 1В3 (ОАТР1В3) органикалық анион-тасымалдаушы полипептидтің бауырдағы тасымалдаушыларының субстраты болып табылады. Аторвастатин метаболиттері – ОАТР1В1 субстраттары. Аторвастатин Р-гликопротеин (Р-gp) эффлоксті тасымалдаушыларының және сүт безі обырына төзімді ақуыз (BCRP) субстраты болып та айқындалады, бұл аторвастатиннің ішекте сіңірілуін және билиарлы клиренсін шектеуі мүмкін (5.2. бөлімін қараңыз). СҮР3А4 изоферментінің тежегіштерін немесе тасымалдаушы ақуыздарын бірге қолдану қан плазмасында аторвастатин концентрациясының жоғарылауына және миопатия даму қаупінің артуына алып келуі мүмкін. Қауіп аторвастатинді фиброй қышқылының туындылары және эзетимиб сияқты миопатияны

---

тудыруы мүмкін дәрілік препараттармен бірге қабылдау кезінде де артуы мүмкін (4.4. бөлімін қараңыз).

СҮРЗА4 изоферментінің қуатты тежегіштерін бірге қолдану қан плазмасында аторвастатин концентрациясының айқын жоғарылауына алып келеді. Мүмкіндігінше, Липертанс препараты мен СҮРЗА4 изоферментінің қуатты тежегіштерін (мысалы, циклоспорин, телитромицин, кларитромицин, делабирдин, стирипентол, кетоконазол, вориконазол, итраконазол, посаконазол, СВГ еміне арналған вирусқа қарсы кейбір препараттар (мысалы, гразопревир+элбасвир) және ритонавир, лопинавир, атазанавир, индинавир, дарунавир және т.б. қоса, АИТВ протеазасының тежегіштерін бірге тағайындамау керек. Осы препараттарды бірге қолданбау мүмкін болмаған жағдайларда аторвастатин мөлшері төменірек Липертанс тағайындалуы тиіс, сондай-ақ пациенттің жай-күйіне талапқа сай мониторинг өткізуге кеңес беріледі (1 кестені қараңыз).

---

Периндоприл	Алискирен	Липертанс препараты мен алискиренді бірге қолдану қант диабеті немесе бүйрек функциясының бұзылуы жоқ пациенттерде ұсынылмайды.
	АӨФ тежегіштерімен және ангиотензин рецепторларының блокаторларымен бірлескен ем	Әдеби дереккөздерде анықталған атеросклероздық ауруы, жүрек жеткіліксіздігі немесе нысана-ағзалардың зақымдануымен қант диабеті бар пациенттерде АРА II және периндоприл сияқты АӨФ тежегішімен бір мезгілде емдеу, РААЖ әсер ететін тек бір препаратты қолданумен салыстырғанда, артериялық гипотензия, естен тану, гиперкалиемия және бүйрек функциясының нашарлауының (бүйректің жедел жеткіліксіздігін қоса) өте жоғары даму жиілігімен байланысты екені хабарланды. Қосарлы бөгеу (мысалы, АӨФ тежегішін АРА II-мен біріктіргенде) бүйрек функциясы, калий мөлшері және АҚ мұқият мониторингтелетін бірлі-жарым жағдайлармен шектелуі тиіс.
	Эстрамустин	Ангиневроздық ісіну (Квинке ісінуі) сияқты жағымсыз реакциялар қаупінің артуы.
	Литий препараттары	Литий препараттары мен АӨФ тежегіштерін бір мезгілде қолданғанда қан сарысуында литий концентрациясының қайтымды жоғарылауы және онымен байланысты уытты әсерлері білінуі мүмкін. Липертанс препаратын және литий препараттарын бір мезгілде қолдану ұсынылмайды. Осындай ем жүргізу қажет

---

	болса, қан плазмасындағы литий концентрациясын мұқият бақылап отыру керек. (4.4. бөлімін қараңыз).
Калий жинақтайтын диуретиктер (триамтерен, амилорид, эплеренон, спиронолактон сияқты), калий тұздары	Аталған препараттар, әсіресе, бүйрек функциясының бұзылуында (аддитивті гиперкалиемиялық әсер) гиперкалиемияны (өліммен аяқталу мүмкіндігімен) тудыруымен белгілі. Липертанс препаратын атап көрсетілген дәрілік препараттармен бір мезгілде қолдану ұсынылмайды (4.4. бөлімін қараңыз). Егер бір мезгілде қолдану қажет болса, сақтық шарасын қадағалап, қан сарысуында калий мөлшерін және креатининді жүйелі жиі бақылап отыру керек.

*Ерекше зейін қоюды талап ететін бірге қолдану:*

<b>Компонент</b>	<b>Препаратпен белгілі өзара әрекеттесу</b>	<b>Басқа дәрілік затпен өзара әрекеттесуі</b>
Амлодипин	СҮРЗА4 изоферментінің тежегіштері	Амлодипинді СҮРЗА4 қуатты немесе орташа тежегіштерімен (протеаза тежегіштері, азолдар тобының зенге қарсы препараттары, эритромицин немесе кларитромицин, верапамил немесе дилтиазем сияқты макролидті антибиотиктер) бір мезгілде қолдану амлодипин экспозициясының елеулі ұлғаюына алып келуі мүмкін. Көрсетілген фармакокинетикалық ауытқулардың клиникалық көріністері егде жастағы пациенттерде өте айқын болуы мүмкін. Аталған жағдайда пациенттердің жай-күйін клиникалық мониторингтеу және дозаны түзету керек болуы мүмкін. Кларитромицинді амлодипинмен алып жүрген пациенттерде артериялық гипотензияның жоғары даму қаупі бар. Амлодипинді кларитромицинмен бір мезгілде қолданғанда пациенттердің жай-күйін мұқият қадағалауға кеңес беріледі.
	СҮРЗА4 изоферментінің индукторлары	СҮРЗА4 белгілі индукторларымен бірге қолданғанда плазмада амлодипин концентрациясы өзгеріске түсуі мүмкін. Сондықтан, әсіресе, СҮРЗА4 қуатты индукторларымен (мысалы, рифампицин, Шілтерлі шайқурай сияқты) бірге қолдану кезінде де, одан кейін де артериялық қысымды бақылап отыру және дозасын түзету қажет.
Аторвастатин	СҮРЗА4 изоферментінің орташа тежегіштері	СҮРЗА4 изоферментінің орташа тежегіштерімен (мысалы, эритромицин, дилтиазем, верапамил және флуконазол) бірге қолдану қан плазмасында аторвастатин концентрациясының жоғарылауына әкелуі мүмкін (1 кестені қараңыз). Эритромицин мен

	<p>статиндерді бірге қолданғанда миопатияның туындау қаупінің артуы байқалды. Амиодарон немесе верапамилдің аторвастатинмен өзара әрекеттесу зерттеулері жүргізілмеген. Екі препараттың да – амиодарон мен верапамил – СҮРЗА4 изоферментінің белсенділігін төмендететіні белгілі, ал оларды аторвастатинмен бір мезгілде қолдану аторвастатин экспозициясының ұлғаюына алып келуі мүмкін. Сондықтан СҮРЗА4 изоферментінің орташа тежегіштерімен бір мезгілде қабылдау қажет болса, аторвастатин мөлшері төменірек Липертанс препаратын тағайындауға және пациенттің жай-күйіне тиісті клиникалық мониторинг өткізуге кеңес беріледі. Емдеудің басында және СҮРЗА4 изоферменті тежегіштерінің дозасын түзету кезінде пациенттің жай-күйіне тиісті клиникалық мониторинг өткізуге кеңес беріледі.</p>
СҮРЗА4 изоферментінің индукторлары	<p>Аторвастатинді Р450 3А изоферментінің индукторларымен (эфавиренц, рифампицин, Шілтерленген шайқурай препараттарымен) бірге қолдану қан плазмасындағы аторвастатин концентрацияларының өзгермелі төмендеуіне әкелуі мүмкін (1 кестені қараңыз). Рифампицинмен қосарлы өзара әрекеттесу механизмі (Р450 3А изоферментінің индукциясы және ОАТР1В1 гепатоциттерін тасымалдаушы ақуыз тежелісі) салдарынан, Липертанс препараты мен рифампицинді бір сәтте қабылдау ұсынылады, өйткені рифампицин қабылдаудан кейін аторвастатинді кешірек қабылдау қан плазмасында аторвастатин концентрациясының едәуір төмендеуіне әкеледі. Рифампициннің гепатоциттердегі аторвастатин концентрациясына әсер ету деректері жоқ, ал егер бірге қабылдау қажет болса, ем тиімділігіне қатысты пациентті мұқият қадағалауға кеңес беріледі.</p>
Дигоксин	<p>Дигоксин мен 10 мг аторвастатинді қайталап қабылдағанда қан плазмасындағы дигоксиннің тепе-тең концентрациялары мардымсыз жоғарылады (2 кестені қараңыз). Дигоксин қабылдап жүрген пациенттердің жай-күйіне тиісті мониторинг өткізу қажет.</p>
Эзетимиб	<p>Эзетимибті монотерапия ретінде қолдану, рабдомиолизді қоса, бұлшықеттер тарапынан болатын жағымсыз реакциялар қаупімен байланысты. Эзетимиб пен Липертанс препаратын бір мезгілде қолданғанда осы құбылыстардың даму қаупі артуы мүмкін. Осы</p>

	пациенттердің жай-күйіне тиісті клиникалық мониторинг өткізуге кеңес беріледі.
Фузид қышқылы	Фузид қышқылы мен статиндерді бірге қолданғанда, рабдомиолизді қоса, бұлшықеттер тарапынан бұзылулардың даму қаупі артуы мүмкін. Осы өзара әрекеттесу механизмі (фармакодинамикалық және/немесе фармакокинетикалық) әзірге белгісіз. Бұл біріктірілімді қабылдап жүрген пациенттерде рабдомиолиз жағдайлары (оның ішінде өліммен аяқталатын) мәлімделді. Егер фузид қышқылын жүйелі пайдалану қажет болып саналса, Липертанс препаратымен емдеу фузид қышқылымен емдеудің бүкіл кезеңі бойына тоқтатылуы тиіс (4.4. бөлімін қараңыз).
Гемфиброзил/фиброй қышқылының туындылары	Фибраттарды монотерапия түрінде қолдану кезінде кейде бұлшықеттер тарапынан, рабдомиолизді қоса, жағымсыз реакциялар туындауы мүмкін (1 кестені қараңыз). Фиброй қышқылының туындылары мен аторвастатин бір мезгілде қолданылғанда осы құбылыстардың даму қаупі артуы мүмкін. Егер осы дәрілерді қатарлас қолданбауға болмаса, емдеу мақсатына жету үшін аторвастатин мөлшері төмен Липертанс препаратын қолдану керек; пациенттердің жай-күйіне тиісті клиникалық мониторинг өткізу қажет (4.4. бөлімін қараңыз).
Тасымалдау тежегіштері	Тасымалдаушы ақуыздар тежегіштері (мысалы, циклоспорин, летермовир) аторвастатин экспозициясын ұлғайтуы мүмкін (1 кестені қараңыз). Бауырлық қармауға қатысатын тасымалдаушы тежегіштерінің аторвастатиннің гепатоциттердегі концентрациясына ықпал етуі белгісіз. Егер осы препараттарды бірге қолданбауға болмаса, дозаны төмендету және емдеу тиімділігіне клиникалық мониторинг өткізу ұсынылады. Липертанс летермовирді циклоспоринмен бірге қабылдап жүрген пациенттерде қолдануға кеңес беріледі (4.4. бөлімін қараңыз).
Варфарин	Варфаринмен ұзақ уақыт бойы емделген пациенттердің қатысуымен клиникалық зерттеу аторвастатинді 80 мг дозада бір мезгілде қолданудың протромбин уақытының препаратты қолданған алғашқы 4 күн ішінде шамамен 1,7 секунд мардымсыз азаюына алып келгенін, оның аторвастатинмен емделген 15 күн ішінде қалыпты мәнге оралғанын көрсетті. Антикоагулянттармен клиникалық мәнді өзара әрекеттесудің өте сирек жағдайлары ғана хабарланды, кумариндік қатар

		антикоагулянттарын қабылдап жүрген пациенттерде Липертанс препаратымен емдеу басталғанша протромбин уақытын, ал артынан оны протромбин уақыты көрсеткішінде елеулі өзгерістер болмағанына көз жеткізу үшін емнің басында барынша жиі анықтау керек. Тұрақты протромбин уақыты тіркелген бойда протромбин уақыты көрсеткішін, әдетте, кумариндік қатар антикоагулянттарымен емделіп жүрген пациенттерге ұсынылатын аралықтармен бақылап отыруға болады. Липертанс препаратындағы аторвастатин дозасы өзгерген жағдайда немесе емдеуді тоқтатқан жағдайда осындай бақылауды қайта жүргізу керек. Аторвастатинмен емдеу антикоагулянттарды қабылдамайтын пациенттерде қан кету туындауымен немесе протромбин уақыты көрсеткішінің өзгеруімен байланысты емес.
Периндоприл	Гипогликемиялық дәрілер (ішуге арналған гипогликемиялық дәрілер, инсулин)	Эпидемиологиялық зерттеулер АӨФ тежегіштерін және гипогликемиялық дәрілерді (инсулин, пероральді гипогликемиялық дәрілер) бір мезгілде қолдану гипогликемияның даму қаупін төндіретін гипогликемиялық әсерін күшейтуі мүмкін деп жорамалдауға негіз береді. Бұл, әдетте, біріктірілген ем жүргізудің алғашқы апталарында және бүйрек функциясының бұзылуы бар пациенттерде байқалады. Емдеудің алғашқы айында глюкоза концентрациясын мұқият бақылап отыру қажет.
	Баклофен	Гипертензияға қарсы әсерін күшейтеді. АҚ деңгейін мұқият бақылап отыру және, қажет болса, гипертензияға қарсы препараттар дозасын таңдап алу керек.
	ҚҚСП, ацетилсалицил қышқылының жоғары дозаларын (3 г/тәулік және одан көп) қоса	АӨФ тежегіштерін ҚҚСП-мен (қабынуға қарсы әсер көрсететін дозадағы ацетилсалицил қышқылы, циклооксигеназа-2 (ЦОГ-2) тежегіштері және селективті емес ҚҚСП) бірге қолдану гипертензияға қарсы әсерінің төмендеуіне әкелуі мүмкін. АӨФ тежегіштері мен ҚҚСП-ны бірге қолдану, әсіресе, бүйрек функциясы бастапқы төмен пациенттерде, бүйректің жедел жеткіліксіздігінің дамуын қоса, бүйрек функциясының нашарлау қаупінің артуына және қан сарысуында калий мөлшерінің көбеюіне әкелуі мүмкін. Липертанс препараты мен ҚҚСП біріктірілімі, әсіресе, егде жастағы пациенттерде тағайындағанда сақ болу керек. Пациенттер талапқа сай сұйықтық мөлшерін ішуі тиіс, біріктірілген емнің басында да, емдеу үдерісінде де мезгіл-мезгіл бүйрек функциясын бақылап отыруға кеңес беріледі.

Плазминогеннің рекомбинантты тіндік белсендіргіштері (rtPA, алтеплаза)	АӨФ тежегіштерін қабылдаған және жедел ишемиялық инсульт кезіндегі тромболитикалық емге арналған алтеплазаны қабылдап жүрген пациенттерде ангионевроздық ісінудің жоғары даму қаупі болуы мүмкін.
--	---

*Ескеру қажет болатын бірге қолдану:*

<b>Компонент</b>	<b>Препаратпен белгілі өзара әрекеттесу</b>	<b>Басқа дәрілік затпен өзара әрекеттесуі</b>
Амлодипин	Дигоксин, аторвастатин немесе варфарин	Дәрілік өзара әрекеттесу зерттеулері амлодипиннің аторвастатин, дигоксин немесе варфарин фармакокинетикасына ықпал етпейтінін көрсетті.
	Такролимус	Амлодипинмен бірге қолданғанда қан плазмасында такролимус концентрациясының жоғарылау қаупі болады. Осы препараттарды бірге қолдану кезінде такролимустың уытты әсерлерін болдырмау үшін қан плазмасында такролимус концентрациясын бақылау, ал қажет болса, оның дозасын түзету талап етіледі.
	mTOR тежегіштері (сүт қоректілер жасушаларындағы рапамицин нысанасы)	Сиролимус, темсиролимус және эверолимус сияқты mTOR тежегіштері СҮРЗА субстраттары болып табылады. Амлодипин – СҮРЗА әлсіз тежегіші. mTOR тежегіштерімен бірге қолданғанда амлодипин олардың экспозициясын ұлғайтуы мүмкін.
	Циклоспорин	Дені сау еріктілерде немесе бүйрек трансплантациясы жасалған пациенттерді қоспағанда, басқа қауымдарда амлодипин мен циклоспориннің өзара әрекеттесу зерттеуі жүргізілмеді. Осы зерттеулер қан плазмасындағы циклоспориннің ең төмен концентрациясының түрліше (орта есеппен, 0-ден 40% дейін) жоғарылауын көріністеді. Бүйрек трансплантациясынан кейінгі пациенттерде амлодипинмен бірге қолдану кезінде циклоспорин концентрациясын бақылау мүмкіндігін ескеру керек. Қажет болса, циклоспорин дозасы төмендетілуі тиіс.
Аторвастатин	Колестипол	Колестипол мен аторвастатинді бірге қолданғанда қан плазмасындағы аторвастатин мен оның белсенді метаболиттерінің концентрациялары төмен (шамамен 25%) болды. Алайда, колестипол мен аторвастатинді бір мезгілде қолданғанда липидтер алмасуға әсері осы дәрілік заттардың кез келгенін бөлек қолдану кезіндегіден айқындау білінді.
	Пероральді контрацептивтер	Аторвастатин мен пероральді контрацептивтерді бірге қолдану қан плазмасында норэтидрон мен этинилэстрадиол концентрацияларының жоғарылауына әкелді (2

		кестені қараңыз).
	Колхицин	Колхицин мен аторвастатиннің бірге қолданылуына зерттеу жүргізілмегеніне қарамастан, аторвастатин мен колхицин бірге қолданылғанда миопатияның дамуы туралы хабарламалар бар. Аторвастатин мен колхицинді бірге қолдану кезінде сақ болу керек.
Амлодипин/ Периндоприл	Гипертензияға қарсы дәрілер және вазодилататорлар	Осы препараттарды бірге қолдану Липертанс препаратының гипотензиялық әсерін күшейтуі мүмкін. Нитроглицеринмен және басқа нитраттармен немесе басқа вазодилататорлармен бірге қолдану одан да көбірек АҚ төмендетуі мүмкін.
Периндоприл	Симпатомиметиктер	АӨФ тежегіштерінің гипертензияға қарсы әсерін әлсіретуі мүмкін.
	Трициклды антидепрессанттар, психозға қарсы дәрілер (нейролептиктер) және жалпы анестезияға арналған дәрілер	Кейбір анестезиялық препараттарды, трициклды антидепрессанттарды және нейролептиктерді АӨФ тежегіштерімен бірге қолдану гипотензиялық әсерінің күшеюіне әкелуі мүмкін (4.4. бөлімін қараңыз).
	Алтын препараттары	АӨФ тежегіштерін, оның ішінде периндоприл мен алтын препараттарын (натрий ауротиомалаты вена ішіне) қолданғанда бет терісінің гиперемиясын, жүрек айну, құсу, артериялық гипотензиясын өзінде қамтитын симптомдық кешен – нитритоидты реакциялар дамыған өте сирек жағдайлар мәлімделді.

*1 кесте. Дәрілік препараттарды бірге қабылдаудың аторвастатин фармакокинетикасының параметрлеріне әсері*

Бірге қабылданатын дәрілік препарат және дозалау режимі	Аторвастатин		
	Доза	AUC көрсеткіште рінің арақатынасы <sup>&amp;</sup>	Клиникалық нұсқаулар <sup>#</sup>
Типранавир 500 мг тәулігіне 2 рет/ Ритонавир 200 мг тәулігіне 2 рет, 8 күн (14-тен 21 дейінгі күндер)	40 мг 1-ші күні, 10 мг 20-шы күні	9,4	Аторвастатинмен бірге қолдану қажет болса, аторвастатиннің 10 мг тәуліктік дозасынан асырмау қажет. Осындай пациенттерге клиникалық қадағалау ұсынылады.
Телапревир 750 мг, әр 8 сағат сайын, 10 күн	20 мг, бір рет	7,9	
Циклоспорин 5,2 мг/кг/тәулік,	10 мг, тәулігіне бір рет, 28 күн	8,7	

Бірге қабылданатын дәрілік препарат және дозалау режимі	Аторвастатин		
	Доза	AUC көрсеткіште рінің арақатынасы <sup>&amp;</sup>	Клиникалық нұсқаулар <sup>#</sup>
тұрақты дозада	бойы		
Лопинавир 400 мг тәулігіне 2 рет / Ритонавир 100 мг тәулігіне 2 рет, 14 күн	20 мг, тәулігіне бір рет, 4 күн бойы	5,9	Аторвастатинмен бірге қолдану қажет болса, аторвастатиннің төменірек демеуші дозасын тағайындау ұсынылады. Егер аторвастатин дозасы 20 мг-ден артық болса, осындай пациенттерге клиникалық қадағалау ұсынылады.
Кларитромицин 500 мг тәулігіне 2 рет, 9 күн	80 мг, тәулігіне бір рет, 8 күн бойы	4,5	
Саквинавир 400 мг тәулігіне 2 рет / Ритонавир (300 мг тәулігіне 2 рет 5-тен 7 дейінгі күндер, 8-ші күні тәулігіне 2 рет дозаны 400 мг арттырумен), 4-тен 18 дейінгі күндер, аторвастатин қабылдаудан кейін 30 минут өткен соң	40 мг, тәулігіне бір рет, 4 күн бойы	3,9	Аторвастатинмен бірге қолдану қажет болса, аторвастатиннің төменірек демеуші дозасын тағайындау ұсынылады. Егер аторвастатин дозасы 40 мг-ден артық болса, осындай пациенттерге клиникалық қадағалау ұсынылады.
Дарунавир 300 мг тәулігіне 2 рет / Ритонавир 100 мг тәулігіне 2 рет, 9 күн	10 мг, тәулігіне бір рет, 4 күн бойы	3,4	
Итраконазол 200 мг тәулігіне бір рет, 4 күн	40 мг, бір рет	3,3	
Фосампренавир 700 мг тәулігіне 2 рет / Ритонавир 100 мг тәулігіне 2 рет, 14 күн	10 мг, тәулігіне бір рет, 4 күн бойы	2,5	
Фосампренавир 1400 мг тәулігіне 2 рет, 14 күн	10 мг, тәулігіне бір рет, 4 күн бойы	2,3	
Летермовир 480 мг тәулігіне бір рет, 10 күн	20 мг, бір рет	3,29	Құрамында летермовир бар препараттармен бірге қолданғанда аторвастатиннің тәуліктік дозасы 20 мг-ден аспауы тиіс.
Нелфинавир 1250 мг	10 мг, тәулігіне	1,74	Арнаулы ұсынымдар жоқ.

Бірге қабылданатын дәрілік препарат және дозалау режимі	Аторвастатин		
	Доза	AUC көрсеткіште рінің арақатынасы <sup>&amp;</sup>	Клиникалық нұсқаулар <sup>#</sup>
тәулігіне 2 рет, 14 күн	бір рет, 28 күн бойы		
Грейпфрут шырыны, 240 мл тәулігіне бір рет*	40 мг, бір рет	1,37	Көп мөлшердегі грейпфрут шырыны мен аторвастатинді бірге қабылдауға кеңес берілмейді.
Дилтиазем 240 мг тәулігіне бір рет, 28 күн	40 мг, бір рет	1,51	Ем басталған соң немесе келесі дилтиазем дозасын өзгертуден кейін осындай пациенттерге клиникалық мониторинг ұсынылады.
Эритромицин 500 мг, тәулігіне төрт рет, 7 күн	10 мг, бір рет	1,33	Төменірек ең жоғары дозасын тағайындауға және осындай пациенттерге клиникалық мониторинг өткізуге кеңес беріледі.
Амлодипин 10 мг, бір рет	80 мг, бір рет	1,18	Арнаулы ұсынымдар жоқ.
Циметидин 300 мг тәулігіне төрт рет, 2 апталар	10 мг, тәулігіне бір рет, 2 апта бойы	1,00	Арнаулы ұсынымдар жоқ.
Колестипол 10 г тәулігіне 2 рет, 24 апталар	40 мг, тәулігіне бір рет, 8 апта бойы	0,74**	Арнаулы ұсынымдар жоқ.
Магний және алюминий гидроксидінің антацидті суспензиясы, 30 мл тәулігіне төрт рет, 17 күн	10 мг, тәулігіне бір рет, 15 күн бойы	0,66	Арнаулы ұсынымдар жоқ.
Эфавиренз 600 мг, тәулігіне бір рет, 14 күн	10 мг 3 күн бойы	0,59	Арнаулы ұсынымдар жоқ.
Рифампицин 600 мг тәулігіне бір рет, 7 күн (бірге қабылдау)	40 мг бір рет	1,12	Егер бірге қолданбауға болмаса, аторвастатин мен рифампицинді бір
Рифампицин 600 мг тәулігіне бір рет, 5 күн (бөліп қабылдау)	40 мг бір рет	0,20	мезгілде қолдану және клиникалық мониторинг ұсынылады.
Гемфиброзил 600 мг, тәулігіне 2 рет, 7 күн	40 мг бір рет	1,35	Төменірек бастапқы доза және осындай пациенттерге клиникалық мониторинг ұсынылады.
Фенофибрат 160 мг	40 мг	1,03	Төменірек бастапқы доза

Бірге қабылданатын дәрілік препарат және дозалау режимі	Аторвастатин		
	Доза	AUC көрсеткіштерінің арақатынасы <sup>&amp;</sup>	Клиникалық нұсқаулар <sup>#</sup>
тәулігіне бір рет, 7 күн	бір рет		және осындай пациенттерге клиникалық мониторинг ұсынылады.
Боцепревир 800 мг тәулігіне үш рет, 7 күн	40 мг бір рет	2,3	Төменірек бастапқы доза және осындай пациенттерге клиникалық мониторинг ұсынылады. Боцепревиірмен бірге қабылдағанда, аторвастатиннің тәуліктік дозасы 20 мг-ден аспауы тиіс.
Глекапревир 400 мг тәулігіне бір рет/ Пибрентасвир 120 мг тәулігіне бір рет, 7 күн	10 мг, тәулігіне бір рет, 7 күн бойы	8,3	Құрамында глекапревир немесе пибрентасвир бар препараттармен бірлескен қолдану қарсы көрсетілімді (4.3. бөлімін қараңыз).
Гразопревир 200 мг тәулігіне бір рет/ Элбасвир 50 мг тәулігіне бір рет, 13 күн	10 мг бір рет	1,95	Құрамында гразопревир немесе элбасвир препараттармен бірге қолданғанда, аторвастатин дозасы тәулігіне 20 мг-ден аспауы тиіс.

& - Емнің екі типіндегі көрсеткіштер арақатынасы ұсынылады (препаратты аторвастатинмен бірге қолдану, тек аторвастатинді қолданумен салыстырғанда).

<sup>#</sup> - Клиникалық маңыздылығын 4.4. және 4.5. бөлімдерінен қараңыз.

\* - Құрамында СУР3А4 изоферментін бәсеңдететін бір немесе бірнеше компонент бар және СУР3А4 изоферментімен метаболизденетін дәрілік заттың қан плазмасындағы концентрациясын жоғарылатуы мүмкін. Грейпфрут шырынының бір стақанын (240 мл) ішу де белсенді ортогидрокси метаболитінің АUC 20,4% төмендеуіне әкеледі. Грейпфрут шырынының көп мөлшерлері (5 күн бойы күніне 1,2 л мөлшерден көп) аторвастатин АUC 2,5 есе және ГМГ-КоА-редуктаза белсенді тежегіштерінің (аторвастатин және метаболиттер) АUC 1,3 есе арттырады.

\*\* Препаратты қабылдаудан кейін 8-16 сағаттан соң бір рет алынған сынама негізіндегі арақатынасы.

2 кесте. Бір мезгілде қабылдау кезінде аторвастатиннің басқа дәрілік препараттар фармакокинетикасының параметрлеріне әсері

Аторвастатинді	Өзімен өзара әрекеттесуі зерттелген дәрілік препарат
----------------	--

дозалау режимі	Дәрілік препарат/доза (мг)	AUC көрсеткіштерінің арақатынасы &	Клиникалық нұсқаулар
80 мг, тәулігіне 1 рет, 10 күн	Дигоксин, 0,25 мг, тәулігіне 1 рет, 20 күн	1,15	Дигоксинді бір мезгілде қабылдап жүрген пациенттер дәрігердің қадағалауында болуы тиіс.
40 мг, тәулігіне 1 рет, 22 күн	Пероральді контрацептивтер, тәулігіне 1 рет, 2 ай - Норэтиндрон, 1 мг - Этинилэстрадиол, 35 мкг	1,28 1,19	Арнаулы ұсынымдар жоқ.
80 мг, тәулігіне 1 рет, 15 күн	*Феназон, 600 мг, бір рет	1,03	Арнаулы ұсынымдар жоқ.
10 мг, бір рет	Типранавир, 500 мг, тәулігіне 2 рет/ ритонавир, 200 мг, тәулігіне 2 рет, 7 күн	1,08	Арнаулы ұсынымдар жоқ.
10 мг, тәулігіне 1 рет, 4 күн	Фосампренавир, 1400 мг, тәулігіне 2 рет, 14 күн	0,73	Арнаулы ұсынымдар жоқ.
10 мг, тәулігіне 1 рет, 4 күн	Фосампренавир, 700 мг, тәулігіне 2 рет/ ритонавир, 100 мг, тәулігіне 2 рет, 14 күн	0,99	Арнаулы ұсынымдар жоқ.

& - Емнің екі типіндегі көрсеткіштер арақатынасы ұсынылады (препаратты аторвастатинмен бірге қолдану, тек аторвастатинді қолданумен салыстырғанда).

\* - Аторвастатин мен феназонды бір мезгілде көп рет қабылдағанда феназон клиренсіне әсері мардымсыз немесе анықталмайтын күйде болды.

#### 4.6. Фертильділік, жүктілік және лактация

Липертанс жүктілік және бала емізу кезеңінде қарсы көрсетілімді (4.3. бөлімін қараңыз).

##### Бала туу қабілеті бар әйелдер

Бала туу қабілеті бар әйелдер Липертанс дәрілік препаратын қолдану кезінде талапқа сай контрацепция әдістерін пайдалануы тиіс (4.3. бөлімін қараңыз).

##### Жүктілік

##### **Амлодипин**

Жүктілік кезінде амлодипинді қолдану қауіпсіздігі анықталмады. Жануарларға жүргізілген зерттеулерде көп дозаларын пайдалану кезінде тұқым өрбіту функциясына уытты әсері байқалды (5.3. бөлімін қараңыз).

### ***Аторвастатин***

Жүктілік кезінде аторвастатинді қолдану қауіпсіздігі анықталмады. Жүкті әйелдердің қатысуымен бақыланатын клиникалық зерттеулер аторвастатин қолданумен жүргізілмеді. ГМК-КоА редуктаза тежегіштерінің жатыршілік әсер етуі кезінде даму аномалиялары туралы сирек хабарламалар бар. Жануарларға жүргізілген зерттеулерде тұқым өрбіту функциясына уытты әсері анықталды (5.3. бөлімін қараңыз).

Анасында аторвастатинді қолдану шаранада холестерин биосинтезі үшін бастапқы зат - мевалонат мөлшерінің төмендеуіне әкелуі мүмкін. Атеросклероз – созылмалы үдеріс, әрі, әдетте, гиполипидемиялық препараттарды қабылдауды тоқтату жүктілік кезінде алғашқы гиперхолестеринемиямен байланысты ұзақ мерзімді қауіпке елеулі әсерін тигізбейді.

Сол себепті аторвастатин жүктілік кезінде және бала көтеруді жоспарлап жүрген әйелдерге қолдануға ұсынылмайды. Жүктілік кезінде немесе жүкті еместігі расталатын сәтке дейін аторвастатинмен емдеу тоқтатылуы тиіс (4.3. бөлімін қараңыз).

### ***Периндоприл***

Қазіргі сәтте жүктіліктің I триместрінде қабылдау кезіндегі АӨФ тежегіштерінің тератогенді әсеріне қатысты эпидемиологиялық сенімді деректер жоқ, алайда, шараның даму бұзылулары қаупінің сәл артуын жоққа шығаруға болмайды.

Жүктілік жоспарланғанда препаратты тоқтату және жүктілік кезінде қолдануға рұқсат етілген гипертензияға қарсы басқа дәрілерді тағайындау керек. Жүктілік анықталғанда, препаратты қабылдауды дереу тоқтату және, қажет болса, басқа гипертензияға қарсы басқа дәрілерді тағайындау керек.

Жүктіліктің II және III триместрлерінде АӨФ тежегіштерінің шаранаға әсері оның дамуының бұзылуына (бүйрек функциясының төмендеуі, олигогидрамнион, бассүйек сүйектерінің оссификациялану кідірісі) және жаңа туған нәрестеде асқынудың дамуына (бүйрек жеткіліксіздігі, гипотензия, гиперкалиемия) әкелуі мүмкін (5.3. бөлімін қараңыз).

Жүктіліктің II және III триместрі кезінде АӨФ тежегіштерінің әсер етуі жағдайында бассүйек күйін және бүйрек функциясын бағалау үшін ультрадыбыстық зерттеу жүргізуге кеңес беріледі.

Анасы жүктілік кезінде АӨФ тежегіштерін қабылдаған жаңа туған нәрестелер артериялық гипотензияның даму қаупіне орай мұқият медициналық бақылауда болуы тиіс (4.3. және 4.4. бөлімдерін қараңыз).

### **Лактация**

### ***Амлодипин***

Амлодипин адамның емшек сүтімен бөлінеді. Ананың алған дозасынан сәбидің алған дозасының үлесі ең жоғары 15% мәнімен 3-7% аралығында айқындалды. Амлодипиннің сәбилерге әсер етуі белгісіз..

#### ***Аторвастатин***

Аторвастатин мен оның метаболиттерінің емшек сүтімен шығарылу-шығарылмауы белгісіз. Егеуқұйрықтарға жасалған тәжірибелерде емшек сүтіндегі аторвастатин мен оның белсенді метаболиттерінің концентрациясы қан плазмасындағы сияқты болды (5.3. бөлімін қараңыз). Күрделі жағымсыз реакциялар мүмкіндігін ескеріп, аторвастатин қабылдап жүрген әйелдер бала емізуді тоқтатуы тиіс. Аторвастатин бала емізу кезінде қарсы көрсетілімді (4.3. бөлімін қараңыз).

#### ***Периндоприл***

Бала емізу кезеңінде периндоприл қолдануға қатысты ақпарат болмауына орай, оны қабылдауға кеңес берілмейді. Бала емізу кезеңінде, әсіресе, жаңа туған және шала туған нәрестелерді қоректендіргенде қауіпсіздік бейіні барынша зерттелген басқа препараттарды пайдаланған дұрыс.

#### **Фертильділік**

##### ***Амлодипин***

Кальций өзекшелерінің блокаторларын қабылдаған кейбір пациенттерде сперматозоидтарының басынан биохимиялық өзгерістер табылды. Алайда, қазіргі уақытта амлодипиннің фертильділікке ықтималды ықпал етуіне қатысты жеткілікті клиникалық деректер жоқ. Егеуқұйрықтарға жасалған бір зерттеуде ерлер фертильділігіне қолайсыз әсері анықталды (5.3. бөлімін қараңыз).

##### ***Аторвастатин***

Жануарларға жүргізілген зерттеулерде аторвастатиннің жануарлардың екі жынысының да фертильділігіне ықпал етуі анықталмады (5.3. бөлімін қараңыз).

##### ***Периндоприл***

Препараттың ұрпақ өрбіту функциясына немесе фертильділікке әсері анықталмады.

#### **4.7. Көлік құралдарын басқару және қауіптілігі зор механизмдермен жұмыс істеу қабілетіне әсері**

Липертанс препаратының көлік құралдарын және механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету зерттеулері жүргізілмеген.

Амлодипин көлік құралдарын және механизмдерді басқару қабілетіне мардымсыз немесе орташа ықпалын тигізуі мүмкін. Амлодипин қабылдап жүрген пациентте бас айналу, бас ауыру, қажу немесе жүрек айну туындағанда реакция беру қабілеті бұзылуы мүмкін.

Аторвастатин көлік құралдарын механизмдерді басқару қабілетіне елеулі ықпалын тигізбейді.

Периндоприл көлік құралдарын және механизмдерді басқару қабілетіне тікелей ықпалын тигізбейді, алайда, әсіресе, емнің басында немесе гипертензияға қарсы басқа препараттармен біріктірілгенде АҚ төмендеуімен байланысты әркімдегі жеке реакцияларды байқауға болады.

Нәтижесінде Липертанс қабылдап жүрген пациенттерде көлік құралдарын басқару және механизмдермен жұмыс істеу қабілетіне нұқсан келуі мүмкін. Әсіресе, емдеудің басында сақтық шарасын қадағалауға кеңес беріледі.

#### 4.8. Жағымсыз реакциялар

##### Қауіпсіздік бейін түйіндемесі

Амлодипин, аторвастатин және периндоприлді монотерапия түрінде қабылдау кезіндегі ең көп жиі жағымсыз реакциялар: ринофарингит, аса жоғары сезімталдық, гипергликемия, бас ауыру, жұтқыншақ-көмей ауыруы, мұрыннан қан кету, іш қату, метеоризм, диспепсия, жүрек айну, диарея, дефекация ырғағының өзгеруі, миалгия, артралгия, аяқ-қол ауыруы, бұлшықеттер түйілуі, буындар аумағының домбығуы, тобық аумағының ісіп кетуі, арқаның ауыруы, «бауыр» тестілері нәтижелерінің қалып шегінен ауытқуы, қан сарысуындағы креатинкиназа (креатинфосфокиназа – КФК) белсенділігінің жоғарылауы, ұйқышылдық, бас айналу, жүректің соғуын сезіну, бет терісіне қан «тебу», іштің ауыруы, ісіну, қажу, парестезия, көрудің бұзылуы, диплопия, құлақтағы шуыл, вертиго, артериялық гипотензия, жөтел, енгігу, құсу, дисгевзия, тері бөртпесі, терінің қышынуы, астения.

##### Жағымсыз реакциялардың кестелік түйіндемесі

Төменде тізбеленген амлодипин, аторвастатин және периндоприлді біріктірілімде де, әрқайсысын бөлек те қолдану кезінде білінген жағымсыз реакциялар мүшелер мен ағзалар жүйелерінің (MedDRA) зақымдануына сәйкес және туындау жиілігі бойынша келесі бөліктеуге сай бөлінген: өте жиі ( $\geq 1/10$ ), жиі ( $\geq 1/100$ -ден  $< 1/10$  дейін), жиі емес ( $\geq 1/1000$ -нан  $< 1/100$  дейін), сирек ( $\geq 1/10000$ -нан  $< 1/1000$  дейін), өте сирек ( $< 1/10000$ ), жиілігі белгісіз (қолда бар деректер негізінде бағалау мүмкін емес).

Жүйе-ағза класы (MedDRA)	Жағымсыз реакциялар	Туындау жиілігі		
		Амлодипин	Аторвастатин	Периндоприл
Инфекциялар және инвазиялар	Ринофарингит	-	Жиі	-
	Ринит	Жиі емес	-	Өте сирек
Қан және лимфа жүйесі тарапынан	Тромбоцитопения	Өте сирек	Сирек	Өте сирек
	Лейкопения/	Өте сирек	-	Өте сирек

Жүйе-ағза класы (MedDRA)	Жағымсыз реакциялар	Туындау жиілігі		
		Амлодипин	Аторвастатин	Периндоприл
бұзылулар	нейтропения			
	Эозинофилия	-	-	Жиі емес*
	Агранулоцитоз немесе панцитопения	-	-	Өте сирек
	Туа біткен глюкоза-6- фосфатдегидрогеназа жеткіліксіздігі бар пациенттердегі гемолиттік анемия	-	-	Өте сирек
Иммундық жүйе тарапынан бұзылулар	Аса жоғары сезімталдық	Өте сирек	Жиі	-
	Анафилаксия	-	Өте сирек	-
Эндокриндік бұзылулар	Диурезге қарсы гормонның талапқа сай емес секреция синдромы (ДҚГ ТСС)	-	-	Сирек
Метаболизм және тамақтану бұзылулары	Гипергликемия	Өте сирек	Жиі	-
	Гипогликемия	-	Жиі емес	Жиі емес*
	Гипонатриемия	-	-	Жиі емес*
	Препаратты тоқтатудан кейінгі қайтымды гиперкалиемия (4.4. бөлімін қараңыз)	-	-	Жиі емес*
	Анорексия	-	Жиі емес	-
Психикалық бұзылулар	Ұйқысыздық	Жиі емес	Жиі емес	-
	Көңіл-күй құбылуы (үрейленуді қоса)	Жиі емес	-	Жиі емес
	Ұйқының бұзылуы	-	-	Жиі емес
	Депрессия	Жиі емес	-	Жиі емес*
	Түнгі қорқынышты түстер	-	Жиі емес	-
	Сананың шатасуы	Сирек	-	Өте сирек
Жүйке жүйесі тарапынан бұзылулар	Ұйқышылдық	Жиі	-	Жиі емес*
	Бас айналу	Жиі	Жиі емес	Жиі
	Бас ауыру	Жиі	Жиі	Жиі
	Тремор	Жиі емес	-	-
	Дисгевзия (дәм сезу қабілетінің бұзылуы)	Жиі емес	Жиі емес	Жиі
	Естен тану күйлері	Жиі емес	-	Жиі емес*
	Гипестезия	Жиі емес	Жиі емес	-
	Парестезия	Жиі емес	Жиі емес	Жиі
	Гипертонус	Өте сирек	-	-
	Шеткері нейропатия	Өте сирек	Сирек	-
	Жоғары қауіп пациенттерде шамадан тыс АҚ төмендеуі салдарынан болуы мүмкін инсульт (4.4.	-	-	Өте сирек

Жүйе-ағза класы (MedDRA)	Жағымсыз реакциялар	Туындау жиілігі		
		Амлодипин	Аторвастатин	Периндоприл
	бөлімін қараңыз)			
	Амнезия	-	Жиі емес	-
	Экстрапирамидалық бұзылыстар (экстрапирамидалық синдром)	Жиілігі белгісіз	-	-
	Миастения гравис	-	Жиілігі белгісіз	-
Көру мүшесі тарапынан бұзылулар	Көрудің бұзылуы	Жиі	Сирек	Жиі
	Диплопия	Жиі	-	-
	Анық көрмеу	-	Жиі емес	-
	Көз миастениясы	-	Жиілігі белгісіз	-
Есту мүшесі және күлақ ірі тарапынан бұзылулар	Құлақтағы шуыл	Жиі емес	Жиі емес	Жиі
	Вертиго	-	-	Жиі
	Естімей қалу	-	Өте сирек	-
Жүрек тарапынан бұзылулар	Жоғары қауіп пациенттерде шамадан тыс АҚ төмендеуі салдарынан болуы мүмкін инсульт (4.4. бөлімін қараңыз)	Өте сирек	-	Өте сирек
	Стенокардия (4.4. бөлімін қараңыз)	-	-	Өте сирек
	Аритмия (брадикардия, қарыншалық тахикардия және жүрекшелер фибрилляциясын қоса)	Жиі емес	-	Өте сирек
	Тахикардия	-	-	Жиі емес*
	Жүректің соғуын сезіну	Жиі	-	Жиі емес*
Тамырлар тарапынан бұзылулар	Артериялық гипотензия (және артериялық гипотензиямен байланысты әсерлер)	Жиі емес	-	Жиі
	Васкулит	Өте сирек	-	Жиі емес*
	Бет терісіне қан «тебу»	Жиі	-	Сирек*
	Рейно синдромы	-	-	Жиілігі белгісіз
Тыныс алу жүйесі, кеуде қуысы және көкірек ортасы ағзалары тарапынан бұзылулар	Жұтқыншақ-көмей ауыруы	-	Жиі	-
	Мұрыннан қан кету	-	Жиі	-
	Жөтел	Жиі емес	-	Жиі
	Ентігу	Жиі	-	Жиі
	Бронх түйілуі	-	-	Жиі емес
	Эозинофилиялық пневмония	-	-	Өте сирек
Асқазан-ішек	Жүрек айну	Жиі	Жиі	Жиі

Жүйе-ағза класы (MedDRA)	Жағымсыз реакциялар	Туындау жиілігі		
		Амлодипин	Аторвастатин	Периндоприл
бұзылулары	Құсу	Жиі емес	Жиі емес	Жиі
	Іштің жоғарғы және төменгі бөлімінің ауыруы	Жиі	Жиі емес	Жиі
	Диспепсия	Жиі	Жиі	Жиі
	Диарея	Жиі	Жиі	Жиі
	Іш қату	Жиі	Жиі	Жиі
	Ауыз кеберсуі	Жиі емес	-	Жиі емес
	Панкреатит	Өте сирек	Жиі емес	Өте сирек
	Гастрит	Өте сирек	-	-
	Қызылиек гиперплазиясы	Өте сирек	-	-
	Дефекация ырғағының өзгеруі	Жиі	-	-
	Кекіру	-	Жиі емес	-
	Метеоризм	-	Жиі	-
	Бауыр және өт шығару жолдары тарапынан бұзылулар	Цитолиздік немесе холестаздық гепатит (4.4. бөлімін қараңыз)	Өте сирек	Жиі емес
Сарғаю		Өте сирек	-	-
Холестаз		-	Сирек	-
Бауыр жеткіліксіздігі		-	Өте сирек	-
Тері және тері асты тіндері тарапынан бұзылулар	Тері бөртпесі	Жиі емес	Жиі емес	Жиі
	Терінің қышынуы	Жиі емес	Жиі емес	Жиі
	Есекжем	Жиі емес	Жиі емес	Жиі емес
	Пурпура	Жиі емес	-	-
	Тері түсінің өзгеруі	Жиі емес	-	-
	Қатты тершендік	Жиі емес	-	Жиі емес
	Экзантема	Жиі емес	-	-
	Алопеция	Жиі емес	Жиі емес	-
	Ангионевроздық ісіну (4.4. бөлімін қараңыз)	Өте сирек	Сирек	Жиі емес
	Эксфолиативті дерматит	Өте сирек	-	-
	Сулы бөртпе	-	-	Жиі емес*
	Псориаз ағымының өршуі	-	-	Сирек*
	Стивенс-Джонсон синдромы	Өте сирек	Сирек	-
	Фотосезімталдық реакциялары	Өте сирек	-	Жиі емес*
Уытты эпидермалық некролиз	Жиілігі белгісіз	Сирек	-	
Көп пішінді эритема	Өте сирек	Сирек	Өте сирек	
Бұлшықет, қаңқа және дәнекер тіндер	Буындар аумағының домбығуы (ісінгіштігі)	-	Жиі	-

Жүйе-ағза класы (MedDRA)	Жағымсыз реакциялар	Туындау жиілігі		
		Амлодипин	Аторвастатин	Периндоприл
тарапынан бұзылулар	Тобық аумағының ісіп кетуі (ісінгіштігі)	Жиі	-	-
	Аяқ-қол ауыруы	-	Жиі	-
	Артралгия	Жиі емес	Жиі	Жиі емес*
	Бұлшықеттер түйілуі	Жиі	Жиі	Жиі
	Миалгия	Жиі емес	Жиі	Жиі емес*
	Арқаның ауыруы	Жиі емес	Жиі	-
	Мойынның ауыруы	-	Жиі емес	-
	Бұлшықеттің талуы	-	Жиі емес	-
	Миопатия	-	Сирек	-
	Миозит	-	Сирек	-
	Рабдомиолиз	-	Сирек	-
	Бұлшықеттердің жыртылуы	-	Сирек	-
	Тендинопатия (кейде сіңірлер үзілуімен қатар жүретін)	-	Сирек	-
	Жегі тәрізді синдром	-	Өте сирек	-
	Иммунитет арқылы некроздаушы миопатия (4.4. бөлімін қараңыз)	-	Жиілігі белгісіз	-
	Бүйрек және несеп шығару жолдары тарапынан бұзылулар	Несеп шығарудың бұзылуы	Жиі емес	-
Никтурия		Жиі емес	-	-
Поллакиурия (жиі несеп шығару)		Жиі емес	-	-
Бүйрек жеткіліксіздігі		-	-	Жиі емес
Бүйректің жедел жеткіліксіздігі		-	-	Сирек
Анурия/Олигурия		-	-	Сирек*
Ұрпақ өрбіту жүйесі және сүт бездері тарапынан бұзылулар	Эректильді дисфункция	Жиі емес	-	Жиі емес
	Гинекомастия	Жиі емес	Өте сирек	-
Жалпы бұзылулар және енгізген жердегі реакциялар	Астения	Жиі	Жиі емес	Жиі
	Қажу	Жиі	Жиі емес	-
	Ісінулер	Очень Жиі	-	-
	Кеуденің ауыруы	Жиі емес	Жиі емес	Жиі емес*
	Ауырсыну	Жиі емес	-	-
	Дімкәстану	Жиі емес	Жиі емес	Жиі емес*
	Шеткері ісінулер	-	Жиі емес	Жиі емес*
	Гипертермия	-	Жиі емес	Жиі емес*
Зертханалық және кұралмен тексеру деректері	Қандағы мочевина концентрациясының жоғарылауы	-	-	Жиі емес*

Жүйе-ағза класы (MedDRA)	Жағымсыз реакциялар	Туындау жиілігі		
		Амлодипин	Аторвастатин	Периндоприл
	Қандағы креатинин концентрациясының жоғарылауы	-	-	Жиі емес*
	«Бауыр» ферменттері белсенділігінің жоғарылауы	Өте сирек**	-	Сирек
	Қанда билирубин концентрациясының жоғарылауы	-	-	Сирек
	Дене салмағының артуы	Жиі емес	Жиі емес	-
	Лейкоцитурия	-	Жиі емес	-
	Дене салмағының төмендеуі	Жиі емес	-	-
	Функционалдық «бауыр» сынамаларының өзгеруі	-	Жиі	-
	Қан сарысуындағы креатинфосфокиназа белсенділігінің жоғарылауы	-	Жиі	-
	Гемоглобин және гематокрит төмендеуі	-	-	Өте сирек
Жарақаттар, уыттанулар және емшаралар асқынулары	Құлап қалу	-	-	Жиі емес*

\*Өздігінен келіп түскен хабарламалар бойынша анықталған жағымсыз реакциялар жиілігін бағалау клиникалық зерттеулердің осы нәтижелерінің негізінде жүргізілді.

\*\*Ең көп жиі – холестазабен бірге.

#### Жекелеген жағымсыз реакциялар сипаттамасы

ГМГ-КоА-редуктазаның басқа тежегіштерімен болған жағдайдағы сияқты, аторвастатин қабылдап жүрген пациенттерде қан сарысуында трансаминазалар белсенділігінің жоғарылауы хабарланды. Осындай өзгерістер, әдетте, жеңіл, өткінші болды және емді тоқтатуды талап етпеді. Қан сарысуында трансаминазалар белсенділігінің клиникалық мәнді жоғарылауы (қалыптың жоғарғы шегімен салыстырғанда үш еседен көп) аторвастатин қабылдап жүрген пациенттердің 0,8%-да байқалды. Бұл жоғарылау дозаға тәуелді және барлық пациентте қайтымды сипатта болды.

Клиникалық зерттеулерде ГМГ-КоА-редуктазаның басқа тежегіштерімен байқалғанына ұқсас қан сарысуында креатинфосфокиназа (КФК) белсенділігінің, қалыптың жоғарғы шегімен салыстырғанда, үш еседен көп жоғарылауы аторвастатин қабылдап жүрген пациенттердің 2,5%-да байқалды. Қан сарысуында КФК белсенділігінің, қалыптың

жоғарғы шегімен салыстырғанда, 10 еседен көп жоғарылауы аторвастатин қабылдап жүрген пациенттердің 0,4%-да байқалды (4.4. бөлімін қараңыз).

Бірқатар статиндерді қабылдау аясында келесі жағымсыз реакциялар байқалды: сексуалдық дисфункция, депрессия, айрықша сирек жағдайларда өкпенің интерстициальді ауруы (әсіресе, ұзақ мерзімді ем аясында) (4.4. бөлімін қараңыз), қант диабеті (жиілігі қауіп факторларының болуына немесе болмауына байланысты: аш қарындағы глюкозаның  $\geq 5,6$  ммоль/л концентрациясы, ДСИ  $> 30$  кг/м<sup>2</sup>, триглицеридтердің жоғары концентрациясы, анамнездегі артериялық гипертензия).

#### Күмәнді жағымсыз реакциялар туралы хабарлау

Дәрілік препараттың «пайда-қауіп» арақатынасын үздіксіз мониторингтеуді қамтамасыз ету мақсатында дәрілік препаратты тіркеуден кейін күмән тудыратын жағымсыз дәрілік реакциялар туралы хабарлау маңызды. Медициналық қызметкерлерге Еуразиялық экономикалық одаққа мүше-мемлекеттердің жағымсыз реакциялар туралы ұлттық хабарландыру жүйелері арқылы дәрілік препараттың кез келген күмәнді жағымсыз реакциялары туралы мәлімдеуге кеңес беріледі.

#### Ресей Федерациясы

109012, Мәскеу қ., Славян алаңы, 4 үй, 1 құр.

Денсаулық сақтау саласын қадағалау жөніндегі федералдық қызмет

Тел.: +7 800) 550 99 03

Эл. пошта: [pharm@roszdravnadzor.gov.ru](mailto:pharm@roszdravnadzor.gov.ru)

<http://roszdravnadzor.gov.ru>

#### Қазақстан Республикасы

010000, Астана қ., Байқоңыр ауданы, А. Иманов көш., 13 («Нұрсәулет 2» БО)

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (717) 278 99 11

Эл. пошта: [farm@dari.kz](mailto:farm@dari.kz)

<http://www.ndda.kz>

#### **4.9. Артық дозалану**

Липертанс препаратының адамдарда артық дозалануы туралы ақпарат жоқ.

#### Амлодипин

Адамдарда көзделген артық дозалау тәжірибесі шектеулі.

*Симптомдары:* қолда бар деректер елеулі артық дозалану шеткері тамырлардың шамадан тыс кеңейіп кетуіне және мүмкін рефлекторлық тахикардияға алып келеді деп жорамалдауға негіз береді. Айқын ірі, ықтималды түрде, ұзаққа созылатын артериялық гипотензия, оның ішінде шок дамуымен және өліммен аяқталуымен бірге мәлімделді.

Кідіріспен көрініс беруі (препаратты ішке қабылдаудан кейін 24-48 сағаттан соң) және өкпені жасанды желдету қажет болуы мүмкін амлодипиннің артық дозалануы нәтижесінде өкпенің кардиогенді емес ісінуінің сирек жағдайлары мәлімделді. Қолдау көрсету үшін бастапқы реанимациялық іс-шаралар (гиперволемианы қоса) перфузия мен жүрек лықсытуын өршітетін факторлар болуы мүмкін.

*Емдеу:* амлодипиннің артық дозалануынан болатын айқын АҚ төмендеуі жүрек және өкпе жұмысының көрсеткіштерін бақылауды, аяқ-қолды жоғары көтеріп қоюды және АҚК бақылауы мен диурезді қоса, жүрек-қан тамыр жүйесінің функциясын демеуге бағытталған белсенді іс-шаралар жүргізуді талап етеді. АҚ және тамырлар тонусын қалпына келтіру үшін тамыр тарылтатын препаратты қолдану, егер оны қолдануға қарсы көрсеткіштер болмаса, кальций өзекшелері блокадасының зардаптарын жою үшін кальций глюконатын вена ішіне енгізу пайдалы болуы мүмкін. Кейбір жағдайларда асқазанды шаю тиімді болуы мүмкін. Дені сау еріктілерде амлодипинді 10 мг дозада қабылдаудан кейін алғашқы 2 сағаттан соң белсендірілген көмір қабылдау препараттың кідіріспен сінуіне әкелді. Амлодипин қан плазмасы ақуыздарымен белсенді байланысатындықтан, гемодиализ тиімсіз.

#### Аторвастатин

*Симптомдары және емдеу:* аторвастатиннің артық дозалануының спецификалық емі жоқ. Артық дозалану жағдайында, қажеттілігіне қарай, симптоматикалық және демеуші емдеу жүргізген жөн. Бауыр функциясына бағалау жүргізу және қан сарысуында креатинфосфокиназа белсенділігін анықтау керек. Аторвастатин қан плазмасы ақуыздарымен белсенді байланысатындықтан, гемодиализ аторвастатин клиренсін елеулі арттыруға қабілетсіз.

#### Периндоприл

*Симптомдары:* АӨФ тежегіштері артық дозаланғанда айқын АҚ төмендеуі, айналымдық шок, су-электролит теңгерімінің бұзылулары, бүйрек жеткіліксіздігі, асқын желдетілу, тахикардия, жүрек қағу, брадикардия, бас айналу, мазасыздық, жөтел болуы мүмкін.

*Емдеу:* натрий хлоридінің 0,9% ерітіндісін вена ішіне инфузиялау. Елеулі АҚ төмендеуінде пациентті аяқтарын сәл көтеріп, шалқасынан «жатқан» қалыпқа көшіру керек. Мүмкіндік болғанда, катехоламиндерді вена ішіне енгізуді қарастыруға болады.

Диализ арқылы периндоприлді жүйелі қан ағысынан шығаруға болады (4.4. бөлімін қараңыз). Емге төзімді брадикардия дамуында электрокардиостимулятор қою қажет болуы мүмкін. Организмнің негізгі өмірлік функцияларының көрсеткіштерін, қан сарысуындағы креатинин мен электролиттер концентрациясын тұрақты бақылап отыру қажет.

## **5. ФАРМАКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ**

### **5.1. Фармакодинамикалық қасиеттері**

Фармакотерапиялық тобы: гиполипидемиялық дәрілер; гиполипидемиялық дәрілер, біріктірілімдері; басқа дәрілермен біріктірілген гиполипидемиялық дәрілер.

АТХ коды: С10ВХ11

#### Әсер ету механизмі

##### ***Амлодипин***

Амлодипин кардиомиоциттерге және тамыр жақтауының тегіс бұлшықет жасушаларына кальций иондарының жарғақша арқылы ағып келуін тежейтін дигидропиридин туындысы («баяу» кальций өзекшелерінің блокаторы немесе кальций иондарының антагонисі) - кальций иондары ағысының тежегіші болып табылады.

##### ***Аторвастатин***

Аторвастатин – А 3-гидрокси-3-метилглутарил-коэнзимін, холестеринді қоса, стеролдар ізашары – мевалонатқа айналдыратын шешуші фермент ГМГ-КоА-редуктазаның селективті бәсекелес тежегіші. Триглицеридтер (ТГ) және холестерин бауырда тығыздығы өте төмен липопротеиндер (ТӨТЛП) құрамына қосылады, қан плазмасына түседі және шеткері тіндерде тасымалданады. Тығыздығы төмен липопротеиндер (ТТЛП) ТӨТЛП арқылы түзіледі және ТТЛП рецепторларымен өзара әрекеттесу жолымен катаболизмге ұшырайды.

##### ***Периндоприл***

Периндоприл – I ангиотензинді II ангиотензинге айналдыратын фермент тежегіші (АӨФ тежегіші). Ангиотен өзгертуші фермент (АӨФ) немесе киназа I ангиотензиннің тамыр тарылтатын зат - II ангиотензинге айналуын да, тамыр тарылтатын әсері бар брадикининнің белсенді емес гептапептидке дейін ыдырауын да жүзеге асыратын экзопептидаза болып табылады. АӨФ тежелісі қан плазмасында ангиотензин II концентрациясының төмендеуіне әкеледі, бұл қан плазмасында ренин белсенділігінің жоғарылауын («теріс кері байланыс» механизмі бойынша) және альдостерон секрециясының азаюын туындатады.

АӨФ брадикининді белсенділігінен айыруы, АӨФ бәсеңдеуі айналымдағы да, тіндегі де калликреин-кинин жүйесі белсенділігінің жоғарылауымен қатар жүретіндіктен, осы ретте простагландиндер жүйесі де белсенділенеді. Осы әсері АӨФ тежегіштерінің гипертензияға қарсы әсер ету механизмінің, сондай-ақ кейбір жағымсыз реакциялардың (мысалы, жөтел) даму механизмінің бір бөлігі болуы мүмкін.

Периндоприл белсенді метаболиті периндоприлат арқасында емдік әсерін көрсетеді. Басқа метаболиттер АӨФ тежеу әсерін *in vitro* көрсетпейді.

#### Фармакодинамикалық әсерлері

##### ***Амлодипин***

Амлодипиннің гипертензияға қарсы әсері тамыр жақтауының тегіс бұлшықеттерін тікелей босаңсыту ықпалымен жүзеге асады. Амлодипиннің стенокардия кезінде нақты әсер ету механизмі толық анықталмаған, бірақ амлодипин келесі екі жолмен ишемияны азайтады:

1) Амлодипин шеткері артериолаларды кеңейтеді, осылайша тамырлардың жалпы шеткері кедергісін (кейінгі жүктеме), бүкіл тамыр жүйесінің жүрек лықсытатын қан ағымын кедергілеуін төмендетеді. Жүректің жиырылу жиілігі (ЖЖЖ) өзгермейтіндіктен, бұл жүрекке түсетін жүктеменің азаюына, энергия тұтынудың және миокардқа оттегі қажеттілігінің төмендеуіне әкеледі.

2) Амлодипиннің әсер ету механизмі, ықтималды түрде, миокардтың өзгермеген де, ишемияланған да аймақтарындағы өзінде басты коронарлық артериялардың және коронарлық артериолалардың кеңеюін де қамтиды. Олардың дилатациясы вазоспазмдық стенокардия (Принцметалл стенокардиясы немесе нұсқалы стенокардия) бар пациенттерде миокардқа оттегі түсуін арттырады.

##### ***Аторвастатин***

Аторвастатин қан плазмасында холестерин мен липопротеиндер концентрациясын төмендетіп, ГМГ-КоА-редуктазаны және бауырдағы холестерин синтезін тежейді және жасушалар беткейіндегі ТТЛП «бауыр» рецепторларының санын көбейтеді, бұл ТТЛП қармалуы мен катаболизмінің күшеюіне әкеледі.

Аторвастатин ТТЛП түзілуін және ТТЛП бөлшектерінің санын азайтады. Аторвастатин айналымдағы ТТЛП бөлшектерінің қолайлы сапалы өзгерістерімен қосылып, ТТЛП-рецепторлар белсенділігінің елеулі және тұрақты жоғарылауын туындатады. Тұқым қуалайтын, әдетте, басқа гиполлипидемиялық дәрілерге төзімді гомозиготалы гиперхолестеринемия бар пациенттерде ТТЛП холестерин концентрациясын тиімді төмендетеді.

##### ***Периндоприл***

##### ***Артериялық гипертензия***

Периндоприл ауырлығы кез келген дәрежедегі: жеңіл, орташа, ауыр артериялық гипертензияны емдеуге арналған препарат болып табылады. Оны қолдану аясында «жатқан» және «тұрған» қалыпта систолалық та, диастолалық та АҚ төмендеуі білінеді.

Периндоприл жалпы шеткері тамыр кедергісін азайтады, бұл АҚ төмендеуіне және ЖЖЖ өзгеруінсіз шеткері қан ағымының жақсаруына алып келеді.

Ережеге сай, периндоприл қабылдау бұл ретте әдетте шумақтық сүзілу жылдамдығы өзгермейтін бүйректік қан ағымын арттырады.

#### *Жүрек жеткіліксіздігі*

Периндоприл алдыңғы жүктеме мен кейінгі жүктемені төмендете отырып, жүрек жұмысын қалыпқа түсіреді.

#### Клиникалық тиімділігі және қауіпсіздігі

Липертанс дәрілік препаратының ауруға шалдығуға және өлімге ұшырауға әсерін анықтау үшін арнайы зерттеулер жүргізілмеді.

#### *Амлодипин*

Артериялық гипертензия (АГ) бар пациенттерде амлодипинді тәулігіне 1 рет қабылдау 24 сағат ішінде «жатқан» және «тұрған» қалыпта АҚ клиникалық мәнді төмендеуін қамтамасыз етеді. Гипертензияға қарсы әсері баяу дамиды, сондықтан жедел артериялық гипотензияның дамуы тән емес.

Стенокардия бар пациенттерде амлодипинді тәулігіне 1 рет қабылдау дене жүктемесінің жалпы уақытын ұзартады, стенокардия ұстамасының дамуына дейінгі және ST сегменті 1 мм депрессия пайда болуына дейінгі уақытты ұзартады, сондай-ақ стенокардия ұстамаларының жиілігін және нитроглицерин тұтынуды төмендетеді.

Амлодипин қолайсыз метаболизмдік әсерлер көрсетпейді және қан плазмасы липидтерінің концентрациясына ықпал етпейді. Препаратты қатарлас бронх демікпесі, қант диабеті және подагра бар пациенттерде қолдануға болады.

#### *Жүректің ишемиялық ауруы (ЖИА)*

Тиімділігін зерттеу нәтижесінде амлодипин қабылдаудың, эналаприл қабылдаумен салыстырғанда, ЖИА бар пациенттерде стенокардия себебімен ауруханаға түсу және реваскуляризация шараларын жасау жағдайларының аз санымен сипатталатыны анықталды.

#### *Жүрек жеткіліксіздігі*

NYHA жіктеуі бойынша II-IV функционалдық класына жататын жүректің созылмалы жеткіліксіздігі бар пациенттердің қатысуымен гемодинамикалық зерттеулер нәтижелері, сондай-ақ клиникалық зерттеулер нәтижелері дене жүктемесінің көтермділігі, сол жақ

қарыншаның лықсыту фракциясы және клиникалық симптомдар жөніндегі деректерді негізге ала отырып, амлодипиннің клиникалық нашарлауға алып келмейтінін көріністеді. NYHA жіктеуі бойынша III-IV функционалдық класына жататын жүректің созылмалы жеткіліксіздігі бар пациенттерде дигоксин, диуретиктер мен АӨФ тежегіштерін қабылдау аясында амлодипин қабылдаудың өлімге ұшырау немесе жүрек жеткіліксіздігімен байланысты өлімге ұшырау мен ауруға шалдығу қаупінің артуына алып келмейтіні көрсетілді.

ЖИА клиникалық симптомдарынсыз NYHA жіктеуі бойынша III және IV функционалдық класты жүректің созылмалы жеткіліксіздігі бар пациенттерде жүргізілген ұзақ мерзімді зерттеу нәтижелері және АӨФ тежегіштерінің, жүрек гликозидтерінің және диуретиктердің тұрақты дозаларын қабылдау аясында ЖИА болатынын айғақтайтын объективті деректер амлодипин қабылдаудың жүрек-қантaмыр ауруларынан болатын өлім көрсеткішіне ықпал етпейтінін көрсетті. Пациенттердің осы қауымында амлодипин қолдану өкпе ісінуінің дамуы жөніндегі хабарламалар санының көбеюімен қатар жүрді.

#### *Миокард инфарктісінің профилактикасы*

«Бірінші желідегі» препараттар ретінде амлодипинді 2,5-10 мг/тәулік дозада, АӨФ тежегіші - лизиноприлді 10-40 мг/тәулік дозада және тиазидті диуретик - хлорталидонды 12,5-25 мг/тәулік дозала қолдану тиімділігі мен қауіпсіздігі АГ жеңіл немесе орташа дәрежесіндегі және зерттеуге қосылуға дейін 6 айдан көп уақыт бұрын өткерілген миокард инфарктісі немесе инсульт немесе өзге расталған атеросклероз генезіндегі жүрек-қантaмыр ауруы; 2 типті қант диабеті; тығыздығы жоғары липопротеиндер холестеринінің (ТЖЛП-ХС) 35 мг/дл аз концентрациясы; электрокардиография немесе эхокардиография деректері бойынша сол жақ қарынша гипертрофиясы; шылым шегу сияқты коронарлық асқынулардың қосымша қауіп факторларының, ең болмаса, біреуі бар 55 жастағы және одан асқан пациенттерде зерттелді.

Тиімділігін бағалаудың негізгі критерийі (өліммен аяқталған ЖИА оқиғалары жиілігінің және өлімге соқтырмайтын миокард инфарктісі жиілігінің біріктірілген көрсеткіші) бойынша амлодипин мен хлорталидон топтары арасында елеулі айырмашылықтар анықталмады. Амлодипин тобында жүрек жеткіліксіздігінің даму жиілігі, хлорталидон тобына қарағанда, едәуір жоғары – тиісінше, 10,2% және 7,7%, алайда, амлодипин мен хлорталидон тобында өліммен аяқталудың жалпы жиілігі елеулі өзгешеленбеді.

#### *Аторвастатин*

Аторвастатин тағайындалғанда жалпы холестерин (30-46%), ТТЛП (41-61%), аполипопротеин В (34-50%), ТГ (14-33%) холестерині концентрациясының төмендеуі және ТЖЛП мен аполипопротеин А1 холестерині мөлшерінің тұрақсыз жоғарылауы

көрсетілді. Осы нәтижелер тұқым қуалайтын гетерозиготалы гиперхолестеринемия, гиперхолестеринемияның тұқым қуаламайтын түрі, сондай-ақ гиперлипидемияның аралас түрі бар пациенттерде, оның ішінде 2 типті қант диабеті пациенттерде ұқсас.

Жалпы холестерин, ТТЛП және аполипопротеин В холестерині концентрациясының төмендеуі жүрек-қантамыр оқиғаларын дамытатын қауіптің және жүрек-қантамыр ауруынан болатын өлімнің азаюына алып келетіні дәлелденді.

#### *Тұқым қуалайтын гомозиготалы гиперхолестеринемия*

Зерттеуде тұқым қуалайтын гомозиготалы гиперхолестеринемия бар 89 пациентте аторвастатин 80 мг/тәулікке дейінгі дозаларда тағайындалғанда ТТЛП холестеринінің, орта есеппен, 20% төмендеуі көрсетілді.

#### *Жүрек-қантамыр ауруларының профилактикасы*

Өліммен аяқталатын ЖИА және өліммен аяқталмайтын ЖИА дамуының профилактикасындағы аторвастатин тиімділігі анамнезінде миокард инфарктісі жоқ немесе стенокардия себебімен ем жүргізілмеген, жалпы холестерин концентрациясы  $\leq 6,5$  ммоль/л (251 мг/дл) АГ бар 40-тан 79 жасқа дейінгі пациенттерде зерттелді. Пациенттердің бәрінде атап көрсетілген қосымша қауіп факторларының, кем дегенде, үшеуі болды: ер жынысты; 55 жастағы және одан асқан кезең; шылым шегу; қант диабеті; жақын туыстарда ЖИА дамуы; жалпы холестерин/ТЖЛП холестерині  $> 6$ ; шеткері тамырлар атеросклерозы; сол жақ қарынша гипертрофиясы; анамнездегі цереброваскулярлы бұзылу; ЭКГ-дағы спецификалық өзгерістер, протеинурия немесе альбуминурия. Пациенттер аторвастатинмен немесе онсыз гипертензияға қарсы ем (амлодипин немесе атенолол негізінде) қабылдады.

Өліммен аяқталған ЖИА оқиғаларының және өлімге соқтырмайтын миокард инфарктілерінің саны, аторвастатин мен атенолол немесе плацебо мен амлодипин қабылдап жүрген топтармен салыстырғанда, аторвастатинді амлодипинмен қабылдаған пациенттер тобында едәуір төмендеді.

Клиникалық зерттеу барысында аторвастатин, амлодипин және периндоприл қабылдаған пациенттердің қосалқы тобында, аторвастатин, атенолол және бендрофлуметиазид қабылдаған пациенттердің қосалқы тобымен салыстырғанда, өлім қауіпті коронарлық оқиғалардың және өлімге соқтырмайтын миокард инфарктілерінің 38% төмендеуі білінді. Бірінші топта жүрек-қантамыр оқиғаларының туындау жиілігінің және олармен байланысты емшаралардың едәуір төмендеуі (24%), барлық коронарлық оқиғалардың туындау жиілігінің төмендеуі (31%), өлім қаупі зор және өлім қауіпсіз инсульттердің туындау жиілігінің едәуір төмендеуі (50%), өлімге соқтырмайтын миокард инфарктілерін, өлім қауіпті коронарлық оқиғаларды және реваскуляризация шараларын қамтитын

біріктірілген соңғы нүкте жиілігінің төмендеуі (39%), сондай-ақ кардиоваскулярлық себептерден болатын өлімді, миокард инфарктісі мен инсультті қамтитын біріктірілген соңғы нүкте жиілігінің төмендеуі (42%) болды.

### ***Периндоприл***

#### *Артериялық гипертензия*

